



2020 ЖЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТЕМЕ

«БЕКІТІЛДІ»
«Қазақтеңізкөлікфлоты»
ҰТКҚК» ЖШС Қадағалау
кеңесінің шешімімен
2021 жылғы «30» сәуірдегі
№ 04-21/ҚК хаттама

«МАҚҰЛДАНДЫ»
«Қазақтеңізкөлікфлоты»
ҰТКҚК» ЖШС Басқармасының
шешімімен 2021 жылғы
«25» наурыздағы № 10 хаттама

МАЗМҰНЫ

БАСШЫЛЫҚ ҮНДЕУІ.....	2
"ҚАЗАҚТЕҢІЗКӨЛІКФЛОТЫ" ҰТКҚК" ЖШС ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТЕМЕСІ ТУРАЛЫ.....	4
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ	4
КОМПАНИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ	5
ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ РЕТТЕУ	7
КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ	8
КОМПАНИЯНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ.....	11
КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ	11
<i>Өндірістік бағдарламаның орындалуы</i>	<i>11</i>
<i>Тұтынушының қанағаттанушылық деңгейі және тұтынушымен кері байланыста болу.....</i>	<i>14</i>
<i>Негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштердің орындалуы</i>	<i>16</i>
САЛАНЫ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ	17
КОМПАНИЯ ТӘУЕКЕЛІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ.....	18
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	18
<i>Басқару құрылымы.....</i>	<i>18</i>
<i>ҚТКФ Қадағалау кеңесі</i>	<i>20</i>
<i>ҚТКФ Басқармасы.....</i>	<i>22</i>
<i>Тексеру комиссиясы (тексеруші)</i>	<i>23</i>
КОМПАНИЯ МЕН ОНЫҢ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІҰЙЫМДАРЫНЫҢ МЕНШІК ҚҰРЫЛЫМЫ	24
САПА МЕНЕДЖМЕНТІ, ҚАУІПСІЗДІКТІ БАСҚАРУ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ, ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТЕХНИКА ҚАУІПСІЗДІГІ ЖҮЙЕЛЕРІ	24
<i>Менеджмент жүйесі.....</i>	<i>24</i>
<i>Ішкі аудит</i>	<i>25</i>
<i>ҚТКФ сыртқы тексерістері.....</i>	<i>25</i>
<i>ҚТКФ кемелерінде жүргізілген сыртқы тексерістер.....</i>	<i>26</i>
<i>Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау</i>	<i>27</i>
<i>COVID-19 қарсы күрес жүргізу жөніндегі іс-шаралар.....</i>	<i>28</i>
<i>Өрт қауіпсіздігі және төтенше жағдайларға ден қою</i>	<i>28</i>
<i>Қоршаған ортаны қорғау.....</i>	<i>29</i>
КАДРЛЫҚ, ЖАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ.....	30
<i>Кадрлық саясат</i>	<i>30</i>
<i>Кадрларды даярлау</i>	<i>31</i>
<i>Әлеуметтік және жастар саясаты.....</i>	<i>31</i>
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ	33

«ҚАЗАҚТЕҢІЗКӨЛІКФЛОТЫ» ҰТКҚК» ЖШС ҚАДАҒАЛАУ КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ М.К. ОРМАНОВТЫҢ ҮНДЕУІ



Құрметті әріптестер мен достар!

2020 жыл баршамыз үшін ауыр жылдардың бірі болды: коронавируc пандемиясы бүкіл адамзатқа теріс әсерін тигізді, өміріміздің күнделікті әдеттері өзгерді, шекаралар жабылды, жаппай карантин жарияланды, әлемдегі экономиканың тұтастай секторлары дағдарысқа ұшырады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өз алдына және еншілес ұйымдар алдында әлемді жайлаған пандемияға байланысты қаржы жағдайын тұрақтандыруға бағытталған дағдарысқа қарсы бағдарламаны жүзеге асыруда бірқатар негізгі міндеттерді белгіледі. Олардың бірі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлық компаниялары тобының қаржы тұрақтылығын арттыру болды. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС

осы міндеттерді ойдағыдай орындады.

Бүкіл әлем бойынша көрініс тапқан жағымсыз экономикалық жағдайға қарамастан «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС қызмет тиімділігін арттыруға, шығындарды қысқартуға және клиенттердің қанағаттанушылық деңгейін өсіруге аса назар аудара отырып, дер кезінде алынған шаралар арқасында оң нәтижелерге қол жеткізді.

Бүгінде нарықта «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС әлеуеті шарықтау үстінде болғандықтан Қадағалау кеңесі бизнес аясын кеңейтуді және флоттың бірлік санын одан әрі ұлғайтуға баса назар аударды. Осылайша, 2020 жылы компанияның «Афрамас» үлгісінде екі мұнай танкерін сатып алу/кеме жасауын жүргізу және пайдалану» инвестициялық жобасына танытқан бастамашылығы мақұлданды.

Осымен бірге «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС кемелері «Теңізшевройл» ЖШС Болашақ кеңейту жобасында өз жұмысын ойдағыдай аяқтады.

Қазақстан Республикасы тарапынан ЕЭМҚ мемлекеттері арасында кеме қатынасы туралы Келісім ратификацияланды.

Егер Қазақстан егемендігін алған жылдары әлемдік көлік коммуникацияларынан шет қалған болса, бүгінде ол географиялық орналасуына қарай Жаңа Жібек жолы бойынша халықаралық транзиттік тасымалдаудың құрамдас бөлігіне айналуға бастады. Жібек жолын жаңғыртуда көптеген мемлекеттер Қазақстанның орталық рөлін мойындап, осы бағытта ынтымақтастықты белсенді дамытуда. Осы орайда, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС 2020 жылы «Транскаспий халықаралық көлік маршруты» халықаралық қауымдастығы шеңберінде жүктерді Еуропадан Азияға дейін темір жолмен жаңа Жібек жолы бойынша тасымалдауға қатысты.

Қадағалау кеңесі сауатты экономикалық саясатқа және компания менеджментінде белгіленген міндеттемелердің сапалы орындалуына баса назар аудара отырып, есепті кезеңде компания қызметі бір ізге қойылып, айқын болғанын және өз алдына белгіленген міндеттердің табысты орындалғанына сенімді.

«ҚАЗАҚТЕҢІЗКӨЛІКФЛОТЫ» ҰТКҚК» ЖШС БАС ДИРЕКТОРЫ (БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ) А.Е.ОРЖАНОВТЫҢ ҮНДЕУІ



Құрметті әріптестер және достар!

2020 жылы орын алған пандемияға орай бүкіл әлемде жағдайдың күрт өзгеруі, проблемалардың, шығындарға ұшырау жағдайларының кеңінен орын алуы байқалды.

Дей тұрғанмен, жаһандық экономикалық дағдарыста компаниямыз осы дағдарыс салдарына қарамастан одан әрі дамуын жалғастырды.

Тәуелсіздігін алған жылдары Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның көлік әлеуетін дамыту, Шығыс – Батыс көліктік көпірді құру міндетін қойды. Осы міндеттерді ойдағыдай іске асыру бүгінде он нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндігін берді.

Осы ретте негізгі жобалардың бірі халықаралық контейнерлік тасымалдау болды. Фидерлік желінің іске қосылуына

орай аталмыш бағытта жүк тасымалының көлемдері ұлғайды, жолға жұмсалған уақыт шамамен үш есеге қысқарды. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС «Транскаспий халықаралық көлік маршруты» мемлекет-қатысушыларымен осы бағытта кеме қатынасын дамытуда қолға алынған жұмысты одан әрі жалғастырды. Ақтау-Баку маршруты бойынша бір ізге қойылған контейнерлік желінің болуы себептен «Барыс» кемесін контейнерлерді таситын кеме ретінде қайта жабдықтау жөнінде шешім қабылданды.

Болашақ кеңейту жобасы үшін КСОІ базасынан Прорва портына дейін «Bertling» компаниясына арналған жүктердің тасымалы ойдағыдай жүзеге асырылды. Атырау қаласындағы КРІ мұнай-газ кешенінің құрылысы үшін Констанца портынан Атырау өзен портына ірі көлемді жүктердің 25 данасы тасымалданды.

Алдыңғы 2020 жылы кемелерді авариясыз пайдаланылуы қамтамасыз етілді, мұнайдың төгілуіне жол берілмеді. Компанияның экипаждары мен жағалау персоналының әлеуметтік тұрақтылығын сақтау және әлеуметтік жағдайын жақсарту бойынша кешенді жұмыстар жүргізілді.

Эпидемияға қарсы дер кезінде алынған шаралардың арқасында «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС кемелерінде COVID-19 жұқтырған немесе осы жұқпаның салдарынан өлімге әкеліп соқтырған бірде бір жағдайлар тіркелген жоқ.

Осылайша, карантин шектеулеріне қарамастан компанияның өндірістік көрсеткіштері асыра атқарылып, өз алдына белгіленген барлық міндеттер орындалды.

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Басқармасының атынан жобаларды іске асыруда қолдау көрсетіп, сенім білдірген Жалғыз қатысушыға, компанияның серіктестеріне шынайы алғысымды білдіремін. Осы ретте «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС кеме экипаждарына, жағалау персоналына баршамыз үшін ауыр жылдардың бірі болған 2020 жылы танытқан кәсіби шеберлігі мен адал жұмысы үшін ризашылығым мол.

«ҚАЗАҚТЕҢІЗКӨЛІКФЛОТЫ» ҰЛТТЫҚ ТЕҢІЗ КЕМЕ ҚАТЫНАСЫ КОМПАНИЯСЫ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТЕМЕСІ ТУРАЛЫ

«Қазақтеңізөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК) ЖШС, ҚТКФ, Компания, Серіктестік) айқындықтың жоғары стандарттарын ұстана отырып, өз қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты, сондай-ақ Жылдық есептемені (бұдан әрі – Есептеме) ұдайы ашық көздерде жария етеді.

Есептеменің мақсаты – мүдделі тұлғаларды Компанияның миссиясы, стратегиясы, корпоративтік басқару жүйесі, өндірістік және қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы хабардар ету.

2020 жылғы Жылдық есептеме ҚТКФ қызметінің барлық тұстарын кешенді ашып көрсетеді: ол негізгі өндірістік және қаржы-экономикалық көрсеткіштер, Компанияның маңызды оқиғалары мен жетістіктері, іске асырылған және жоспарланып отырған инвестициялық жобалар, қызмет нәтижелеріне баға беру, саланы дамыту келешегі, қауіпсіздік, корпоративтік басқару мәселелері, тәуекелді басқару жүйесі, Компания меншігінің құрылымы, қауіпсіздікті басқару жүйесі, қоршаған ортаны, еңбекті және техника қауіпсіздігін қорғау, кадрлық мәселелер, жастар саясаты, әлеуметтік жауапкершілік.

Аудиторлық қорытынды «Эрнс энд Янг» ЖШС берілді.

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

ҚТКФ Ұлттық теңіз тасымалдаушысы болып табылады. ҚТКФ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі №462 Қаулысымен Қазақстан Республикасының Ұлттық теңіз тасымалдаушысы мәртебесі белгіленді.

ҚТКФ миссиясы:

- флотты қауіпсіз және сенімді пайдалану;
- ұлттық теңіз сауда флотын және сервистік флотты дамыту;
- Каспий маңы елдері сияқты одан тысқары аумақтарда теңіз тасымалының рентабельдігін арттыру.

ҚТКФ стратегиялық міндеттері:

- теңіз тасымалы мен көмірсутек шикізатын теңізде барлауда мемлекеттік қатысу үлесін ұлғайту;
- сауда мақсатында теңізде жүзу саласында мемлекеттік бірыңғай саясатты қалыптастыру;
- сауда мақсатында теңізде жүзу саласында халықаралық ынтымақтастықты нығайту.

Пайымдауы:

ҚТКФ – жоғары тиімді, бәсекеге қабілетті, кеме қауіпсіздігінің неғұрлым жоғары халықаралық стандарттарына сәйкес келетін халықаралық біріктірілген кеме компаниясы.

ҚТКФ – қазақстандық және шетелдік серіктестерге ұсынылатын қызметтердің сенімді жеткізушісі. Бүгінде компанияға ірі, Қазақстан Республикасында заманауи

флот бірліктері болып саналатын танкерлер, сүйреткіштер, ірі көлемді жүктерді тасымалдауға арналған кемелер және түрлі мақсаттарда көзделген баржалар тиісті.

ҚТКФ қызметінің түрлері:

- жүктердің бүкіл түрлерін, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін, басты жүктерді, контейнерлерді, жолаушыларды, жануарларды тасымалдау;
- мұнайды тасымалдау – Компания ұсынатын негізгі қызмет түрі. ҚТКФ өзінің негізгі компаниясы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ұлттық компаниясы акционерлік қоғамының қолдауымен Каспий теңізінің акваториясында мұнайды танкерлермен тасымалдау қызметтерін ұсынады және Қара және Жерорта теңіздері арқылы мұнай жеткізілімін жүргізу мүмкіндігіне ие болады;
- сервистік флот қызметтерін ұсыну;
- кемелердің бүкіл түрлерінің, баржалардың, жүзетін доктардың және осы секілдінің, олардың қозғалтқыштары мен бөлшектерінің, қосалқы құрылғыларының және бөлшектерімен қоса жабдықтарының құрылысын салу, пайдалану, жөндеу, сатып алу, делдалдық қызметтерді ұсыну;
- кемелерді жалға беру (кеме жалдау, соның ішінде кемемені экипажсыз жалдау), сондай-ақ кеме лизингі;
- бүкіл қойма, сақтау орындары, тоназытқыш қондырғылары, ангарлар, жағалаулық тиеу-түсіру және басқадай жабдық түрлерінің құрылысын салу, пайдалану және сатып алу;
- отынның бүкіл түрлерін, майлау майларын, көмірді, газолінді және басқадай отын мен материал түрлерін сатып алу, сату;
- кеме жасау және кеме жөндеу өндірісінің құрылысы (кеме жасау және кеме жөндеу базалары), кеме жасау және кемелерді жөндеу;
- сүйрету жұмыстары;
- теңіз агентінің қызметтері;
- теңіз брокерінің қызметтері;
- стивидорлық және экспедиторлық қызметтер;
- кедендік, салық заңнамасы, теңіз тасымалы бойынша сараптама-импорттық операциялар бойынша кәсіби консалтинг;
- кеме жасау, кеме жөндеу базасының, кеме жасау және кеме жөндеу өндірісінің, жағалаулық құрылыстардың құрылысын салу жөніндегі жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу;
- кәсіби мамандарды және т.б. даярлау;
- ҚТКФ меншіктену құқығымен тиісті болатын жылжымайтын мүлік объектілерінде кеңсе орын-жайларын жалдау бойынша қызметтер;
- авариялық-құтқару қызметтерін ұсыну;
- заңнамалық актілермен тыйым салынбаған, ҚТКФ мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін, ҚТКФ Жарғысымен көзделген өзге қызмет түрлерін жүзеге асыру.

КОМПАНИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ ЖӘНЕ ЖЕТІСТІКТЕРІ

• Ақпан

7 ақпанда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ, Жалғыз қатысушы) Директорлар кеңесінің шешімімен:

- ҚТКФ Қадағалау кеңесінің төрағасы болып М.К. Орманов сайланды;
- ҚТКФ Бас директоры (Басқарма төрағасы) А.Е.Оржанов тағайындалды.

10 ақпанда ҚМГ Инвестициялық комитетімен «Афрамекс» үлгісінде танкерді сатып алу/кеме жасауын жүргізу және пайдалану» инвестициялық жобасына бастамашылық таныту бойынша өтінім мақұлданды.

17 ақпанда Шарт тараптары «Атырау», Ақтөбе», «Орал» мұнай танкерлері бойынша жасасқан шарттарға қол қойды.

- **Наурыз:**

ҚТКФ «Теңізшевройл» ЖШС Болашақ кеңейту жобасы (бұдан әрі – ТШО БКЖ) үшін каспийлік мрдульдерді тасып шығаруға тартылған үш кеме - «Barys», «Berkut» және «Sunkar» техникалық менеджментін өз бетімен жүргізуді бастады.

- **Сәуір**

18 сәуірде БКЖ үшін КСОІ базасынан Прорва портына дейін «Bertling» компаниясы үшін жүктерді тасымалдау аяқталды.

КРІ біріктірілген газхимиялық кешенінің құрылысы үшін ірі салмақты және шағын көлемді жүктерді тасымалдау жобасы шеңберінде Азов портынан Констанца портына ҚМГ-101, ҚМГ-102, ҚМГ-103, ҚМГ-104, ҚМГ-105 және ҚМГ-106 баржалары жұмылдырылды.

- **Мамыр**

25 мамырда ҚМГ Инвестициялық комитетімен MCV жіктеліміндегі 1 баржа-алаңшаны жаңғырту жобасы мақұлданды.

29 мамырда ҚТКФ Қадағалау кеңесімен ҚТКФ 2019 жылғы корпоративтік негізгі қызмет көрсеткіштерінің қорытынды нәтижелігі бекітілді.

- **Маусым**

9 маусымда Атырау қаласында КРІ мұнай-химиялық кешенінің құрылысын салу үшін Констанца портынан Атырау портына ірі көлемді жүктердің 25 данасын тасымалдау ойдағыдай аяқталды.

- **Шілде**

7 шілдеде «Теңізшевройл» ЖШС (бұдан әрі ТШО) тарапынан ҚТКФ жүргізілген баға беру қорытындылары бойынша ҚТКФ «А» деңгейінде бағаланды.

25 шілдеде «Barys» кемесі ТШО жасасқан келісім шарт бойынша жалға алудың ең төмен мерзімінің аяқталуына байланысты КТКФ кері қайтарылды.

Құрғақ жүктерді таситын «Атамекен» және «Жібек жолы» кемелерін жалға алу бойынша Еуразия кеме компаниясымен жасасқан бербоут-чартерлік шарттардың мерзімі ұзартылды.

Компания ТШО компаниясы тарапынан жүргізілген Joint OVMSA Verification & Assessment (бұдан әрі – JOVA) тексерісінен өтті.

- **Тамыз**

11 тамызда «Berkut» кемесі ТШО келісім шарты бойынша жалға алудың ең төмен мерзімінің аяқталуына байланысты ҚТКФ компаниясына кері қайтарылды.

12 тамызда Шарт тараптары «Barys» кемесін контейнерлерді таситын кеме ретінде жаңғырту бойынша жұмыстарды орындауға жасасқан шартқа қол қойды.

19 тамызда «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Басқармасының төрағасы А.Есімов және ҚМГ Басқармасының төрағасы А.Айдарбаев жұмыс сапарымен Маңғыстау облысына келіп кетті. Ақтау портындағы өндірістік объектілерге барып қайтқан кезде Бас директор А.Оржанов Ұлттық теңіз тасымалдаушысы - ҚТКФ жұмысы туралы баяндама жасады және компанияның даму жоспарлары туралы айтты.

28 тамызда ҚТКФ Қадағалау кеңесінің шешімімен ҚТКФ 2020 жылғы корпоративтік негізгі қызмет көрсеткіштері бекітілді.

- **Қыркүйек**

8 қыркүйекте Шарт тараптары «Орал ТС» және «Ертіс» сүйретіштерін сатып алу-сатуға жасасқан шартқа қол қойды.

10 қыркүйекте ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен ҚТКФ Қадағалау кеңесінің мүшесі болып М.Сәулебай сайланды.

- **Қазан**

«Barus» MCV жаңғырту бойынша жұмыстар басталды.

- **Қараша**

17 қарашада Қазақстан Республикасының Еуразия экономикалық одағы мемлекеттерінің өзара кеме қатынасы туралы Келісім №376-VI Қазақстан Республикасы Заңымен ратификацияланды.

«Emba», «Talas» және «Irgiz» сүйреткіштері Батыс Прорвадағы ЖТС (жүктерді тиеу-түсіру станциясы) терминалынан жұмылдырылды.

Батыс Прорва ЖТС терминалынан Баутин портына «Sarens Kazakhstan» ЖШС понтондарын сүйретіп шығару ойдағыдай аяқталды.

- **Желтоқсан**

«Транскаспий халықаралық көлік маршруты» халықаралық қауымдастығы (бұдан әрі – ТХКМ) шеңберінде ҚТКФ жүктерді жаңа темір жол - Жібек жолы бойынша Еуропадан Азияға тасымалдауға қатысты. Ақтау портына жүк жеткізілімі Каспий теңізі арқылы ҚТКФ меншігіндегі «Бекет Ата» фидерлік кемесімен *(анықтама ретінде: контейнерлерге халық тұтыну тауарлары тиелген контейнер құрамасы маршрутының жалпы арақашықтығы 8693 км құрады (2 континент, 2 теңіз және бес мемлекет. Жүктерді алып жүрудің жалпы уақыты – 12-13 күн. Жүктердің межелі жері – Шанхай қытай қаласы)* жүзеге асырылды.

ТШО келісім шарты бойынша жалға алу мерзімі ойдағыдай аяқталысымен «Talas» пен «Emba» сүйреткіштері ҚТКФ кері қайтарылды.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ РЕТТЕУ

Қазақстан Республикасында теңіз сауда флотының жұмысы бүкіл тасымалдау процесіне қатысушылардың елеулі деңгейдегі өзара қатынастарын, сондай-ақ сауда мақсатында теңізде жүзу саласында халықаралық ынтымақтастықты реттейтін нормативтік құқықтық базаны қалыптастыруға және оның үйлесімді болуына байланысты болады.

ҚТКФ өз қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекетаралық шарттар мен келісімдерді, Қазақстан біріккен ІМО (Халықаралық теңіз ұйымы) Халықаралық конвенцияларын басшылыққа алды, атап айтқанда:

1. Халықаралық Теңіз Ұйымы туралы конвенция, 1948 жыл;

2. Жүк маркасы туралы халықаралық конвенция, 1966 жыл;
3. Кемелерді өлшеу жөніндегі халықаралық конвенция, 1969 жыл;
4. Теңізде кеме қақтығысынан сақтандыратын халықаралық ережелер туралы конвенция, 1972 жыл;
5. Кемелерден ластануды болдыртпау жөніндегі халықаралық конвенция, 1973 жыл;
6. Теңізде адам өмірін қорғау жөніндегі халықаралық конвенция, 1974 жыл;
7. Теңізшілерді даярлау, оларға диплом беру және вахта жүргізу туралы халықаралық конвенция, 1978 жыл;
8. Қауіпсіз контейнерлер жөніндегі халықаралық конвенция, 1972 жыл;
9. Мұнайдан ластанумен келтірілген залал үшін азаматтық жауапкершілік туралы халықаралық конвенция, 1969 жыл;
10. Халықаралық қауіпсіздікті басқару кодексі, 1993 жыл;
11. Кемелерді және порттық құрылыстарды күзету жөніндегі халықаралық кодекс, 2002 жыл;
12. Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі Негіздемелік конвенция, 2003 жыл;
13. «Жүктерді теңіз арқылы тасымалдау туралы», 1978 жыл;
14. №185 Теңізшілердің жеке куәліктері туралы Халықаралық еңбекті ұйымдастыру конвенциясы, 2003 жыл;
15. Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы арасында Теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім, 2007 жыл;
16. Қазақстан Республикасы және Әзірбайжан Республикасы арасында Қазақстан Республикасы және Әзірбайжан Республикасы аумағынан Каспий теңізі арқылы мұнайды халықаралық нарыққа Баку-Тбилиси-Джейхан жүйесі арқылы тасымалдауға ықпалдасу және қолдау көрсету шарты, 2006 жыл;
17. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасында Сауда мақсатында теңізде жүзу кеме қатынасы саласындағы ынтымақтастық туралы келісім, 2011 жыл;
18. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасында Теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім, 2014 жыл;
19. Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттері арасында Кеме қатынасы туралы келісім, 2019 жыл.

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ МЕН БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Даму стратегиясы

Қадағалау кеңесінің 2014 жылғы 25 қыркүйектегі хаттамалық шешімімен бекітілген ҚТКФ Стратегиясы оны тұрақты әрі сапалы дамытуға бағытталды.

ҚТКФ негізгі стратегиялық мақсаты - Жалғыз қатысушының талаптарын қанағаттандыратын Компания құнын барынша ұлғайту болып табылады.

ҚТКФ ұлттық теңіз операторы ретінде өзін мына қызметтердің жеткізушісі ретінде бағалайды:

- мұнай жүктерін Каспий теңізі арқылы тасымалдау;
- мұнай жүктерін ашық теңіздерде тасымалдау;
- теңіз мұнай жобаларына қызмет көрсету бойынша флот қызметтерін ұсыну;

- бүкіл өзге жүк түрлерінің тасымалы.

ҚТКФ Каспий теңізі мен ашық теңіздерде, Каспий теңізінің қазақстандық секторында ұлттық теңіз тасымалдаушысы ретінде одан әрі дамуының оңтайлы факторларының бірі мыналар болып табылады:

- қазақстандық мұнайдың болжамды қорын 2022 жылға қарай 1,4 млрд тоннаға дейін, мұнай өндіруді жыл сайын – 35,4 млн тоннаға дейін ұлғайту; Теңіз мұнай кен орындарында мұнай өндірудің өсуі мұнайды Қазақстаннан халықаралық нарыққа, соның ішінде теңіз көлігі арқылы тасымалдау көлемдерінің елеулі өсуіне әкеліп соқтырады;

- жеке инфрақұрылымға ие болу: Каспийде Ақтау порты, Мидия портында мұнай терминалы және Қара теңізде Батуми порты, Румынияда мұнай өндіру зауыты. «ҚазМұнайГаз Трейдинг АГ» (бұдан әрі – КМГТ) қазақстандық шикі мұнайдың экспорты жөніндегі ұлттық оператор мәртебесінің болуы: қазақстандық мұнайды әлемдік нарыққа өндірілген сәтінен бастап түпкілікті тұтынушыға дейін тасымалдауды ұйымдастыру;

- қолданыстағы теңіз мұнай жобалары бойынша жұмыстар көлемін орта және ұзақ мерзімді перспективада ұлғайту, ал бұл сервистік флот кемелерінің елеулі бірлік санына ие болуды қажет етеді;

- Қазақстан Республикасының халықаралық көлік дәліздерінің негізгі ауыстырып тиеу базасы ретінде лайықты орны (экспорттық және транзиттік әлеуеті);

- бірыңғай қазақстандық көліктік-логистикалық жүйені құру, оның міндеттерінің бірі жер үсті және теңіз көлігін біріктіру және жүкжөнелтушілер үшін кешенді қызметтерді «бір терезе» және «бір келісім шарт» қағидатымен ұсыну болып табылады.

Компания қызметінің басым бағыттары мыналар болып табылады:

1) Мұнай жүктерін Каспий теңізі арқылы тасымалдау

Каспий теңізі арқылы мұнай жүктерін тасымалдау секторында ҚТКФ стратегиясы Каспийде танкерлік флоттың жетекші операторларының бірі ретінде өз лайықты орнын қазақстандық мұнай жүктерінің экспорттық ағынын Ақтау порты арқылы тасымалдау үлесін 100 %-ға дейін арттыру арқылы бекемдеуге және қауіпсіз, сенімді және экономикалық тұрғыдан тиімді қызметтерді қамтамасыз етуге, мұнай жүктерін тасымалдау бойынша қызметтерді ұсынадан таза кірістерді ұлғайтуға бағытталмақ.

ҚТКФ өз алдына белгіленген мақсаттарға тиімді қол жеткізу үшін мына іс-шараларды жоспарлы жүзеге асыруға ниет білдірді:

- мұнайды Ақтау-Махачкала маршруты бойынша тасымалдауды сақтап қалу (ҚТКФ қалыптасқан флотын тарту);

- мұнайды өндіру мен бөлудің болжамды теңгеріміне сәйкес Каспийдегі меншікті флотты пайдалануды қажеттігіне қарай оңтайландыру, мұнай өнімдерін тасымалдауға арналған мұнай танкерлерін қайта бағдарлау мүмкіндігін пысықтау;

- ірі жүкжөнелтушілердің (oil majors approvals) жоғары халықаралық талаптарына сәйкес болуы үшін мұнайды тасымалдау бойынша ұсынылатын қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін инновациялық технологияларды қолдану,

заманауи техникалық шешімдерді қолданысқа енгізу және жауапты кадрлық пен әлеуметтік саясатты жүргізу есебінен арттыру;

- келешегі зор Қашаған кен орнынан мұнайды теңіз арқылы тасымалдау бойынша жобаларға негізгі серіктес ретінде қатысу;

- Ұлттық теңіз флоты үшін пұрсаттылықтардың берілуі мәселесі бойынша Жалғыз қатысушы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауына ие болу;

- бизнес-бағытты дамыту үшін, соның ішінде интергациялық процестер жағдайында оңтайлы жағдайларды қалыптастыру мақсатында теңіз көлігі арқылы тасымалдау саласында Қазақстан Республикасы сияқты Еуразиялық экономикалық аймағының (бұдан әрі БЭК) заңнамаларын жетілдіруге қатысу.

2) Ашық теңіздерде құйылмалы мұнай жүктерін тасымалдау

Теңіз мұнай жобаларына қызмет көрсету секторында ҚТКФ стратегиясы Каспий теңізінің қазақстандық секторында (бұдан әрі – КТҚС) кен орындарын игеру шеңберінде ұсынылатын бәсекеге жарамды қызметтер аясын кеңейтуге және оның үлесін ұлғайтуға бағытталды.

ҚТКФ өз алдына белгіленген мақсаттарға тиімді қол жеткізу үшін мына жоспарлы іс-шараларды жүзеге асыруға ниет білдірді:

- қызметтерді сенімді және сапалы ұсынудан нарықтағы жеке үлесін және жиынтық табысты ұлғайту мақсатында КТҚС оффшорлық жобалары үшін меншікті сервистік флотты құру арқылы ұсынылатын қызметтер аясын кеңейту;

- оффшорлық жобаларға қызмет көрсету бойынша флот қызметтерінің нарықтағы үлесін жеке флотының қуатын өсіру есебінен арттыру;

- мамандандырылған сервистік флот кемелеріне жеткілікті сұраныс болған, сондай-ақ осы қызмет бағытының рентабельділігі расталған жағдайда олардың кеме жасауын/ сатып алынуын жүзеге асыру;

- Теңіз мұнай операцияларын қолдау флотын (бұдан әрі – ТМОҚФ) бәсекеге қабілеттігін арттыру және КТҚС мұнай-газ жобаларының операторлары үшін қызметтерді ұсыну үшін дамыту;

- ҚМГ қолдауына ие бола отырып, қызметтер тұтынушыларының саны сияқты құрамына қойылатын талаптарға сәйкес болатын кеме түрлерін уақтылы қатарға қосып, пайдалануға беру мақсатында ТМОҚФ және сервистік флотты дамыту бағдарламасын үйлестіру;

- ТМОҚФ ұсынатын қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру мақсатында ҚТКФ флотын OVID (OCIMF – Oil Companies International Marine Forum) халықаралық стандарттары бойынша сертификаттау жөніндегі бірқатар іс-шараларды өткізу;

- КТҚС теңіз мұнай кен орындарына қызмет көрсету бойынша жобаларда өзінің лайықты орнын күшейту;

- Каспий теңізінің қазақстандық секторында теңіз көлігі қызметтерін ұсыну саласында Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіруге және реттеуге қатысу.

Бүкіл жүк түрлерінің тасымалы, соның ішінде контейнерлік тасымал

- Паромдық тасымалды жүзеге асыру секторында Стратегия мұнай нарығының конъюктурасы өзгерген жағдайда ҚТКФ тұрақтылығын қамтамасыз

ететін ҚТКФ қызмет түрлерін әртараптандыруға, жаңа кірістер көзін құруға бағытталды.

- ҚТКФ өз алдына белгіленген мақсаттарға тиімді қол жеткізу үшін мына іс-шараларды жоспарлы жүзеге асыруға ниет білдірді:
 - Жалғыз қатысушының және ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ Үкіметінің қолдау көрсетуімен жеке қазақстандық флотты құру және оның паромдық тасымал нарығына шығуына бар күшін салу;
 - осы қызмет бағыты рентабельді болған жағдайда тасымалдау көлемдерінің болуы кепілдігімен паромдық кемелердің кеме жасауын/оларды сатып алуды жүзеге асыру;
 - паромдық тасымалдау лайықты орнын бекемдеу, өйткені осы қызмет түрі теріс әсерін тигізетін мұнай нарығы конъюктурасының өзгерген жағдайында тұрақтылық қорын қамтамасыз етеді;
 - қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру жағдайында ұсынылатын қызметтердің халықаралық сапа және қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келу;
 - паромдық және контейнерлік жүктерді тасымалдау үшін қалыптасқан флот бірліктерін пайдалану;
 - аралас тасымал және жүктер транзитінің операторы ретінде Қазақстан Республикасы аумағы арқылы Транскаспий халықаралық көлік маршруты (ТХКМ) бойынша мультимодальды тасымалға қатысу.

КОМПАНИЯНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ

МСV «Barus» кемесін контейнерлерді таситын кеме ретінде қайта жабдықтау

Жоба мақсаты: Ақтау-Баку контейнерлік желісінің қалыптасуына орай МСV «Barus» кемесін контейнерлерді таситын кеме ретінде қайта жабдықтау.

2020 жыл қорытындылары:

«Barus» кемесін қайта жабдықтаудың техникалық жобасы әзірленді. Аталмыш жоба ҚМГ Инвестициялық комитетіне шығарылып, оның іске асырылуы мақұлданды.

«Barus» кемесін қайта жабдықтауға жасасқан шартқа сәйкес Баутин портында «Сага аташ» ЖШС базасында жаңғырту жұмыстары басталды, олардың аяқталуы 2021 жылғы наурыз айына жоспарланды.

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Өндірістік бағдарламаның орындалуы

Мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдау

№1 Кесте (мың тонна)

	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2020 жылғы қаңтар-желтоқсан		Ауытқуы (+/-)	Орындалуы %
			Бекітілген жоспар	Нақты		
	2	3	4	5	6 = 5-4	7 = 5/4
	Барлығы мұнай тасымалдау, соның ішінде	мың тонна	5 580	8 990	3 410	161%
	Каспий теңізі бойынша	мың тонна	540	629	89	116%
.1.	Ақтау-Махачкала бағыты бойынша	мың тонна	540	533	-7	99%
.2.	Түрікменстан-Махачкала бағыты бойынша	мың тонна	0	22	22	

	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2020 жылғы қаңтар-желтоқсан		Ауытқуы (+/-)	Орындалуы %
			Бекітілген жоспар	Нақты		
	2	3	4	5	6 = 5-4	7 = 5/4
.3	Ю.Корчагин-Баку бағыты бойынша	мың тонна	0	74	74	
	Ашық теңіздерде	мың тонна	5 040	8 361	3 321	166%
.4	Қара теңіз бағыты бойынша	мың тонна	2 880	3 420	540	119%
.5	Қара теңізден тысқары жерлерде	мың тонна	2 160	4 941	2 781	229%

Мұнайды тасымалдау


Каспий өңірінде ҚТКФ тасымалдаған мұнай көлемі **629 мың тоннаны** немесе жоспарлы көрсеткішке қатысты 116 % (540 мың тонна) болды.

Ақтау порты

2019 жыл қорытындылары бойынша Ақтау портында мұнайды ауыстырып тиеу көлемі 2 189 мың тоннаны құрады. Ақтау портынан ауыстырып тиелген мұнай көлемінде ҚТКФ тасымалдау үлесі **533 мың тонна** болды.

Ақтау портынан мұнайды тасымалдау

№2 Кесте



Мұнайды Ақтау портынан тасымалдауға тартылған кеме иелері:

2020 жылы Ақтау портынан мұнайды тасымалдау ҚТКФ меншігіндегі танкерлік флот бірліктерімен және бір-бір рейспен «Әзірбайжан Каспий теңіз параходшылығы» ЖАҚ компаниясынан жалға алынған «Абай», «Қазақстан» екі танкерімен және Мобилекс (Қазақстан) танкерлерімен жүзеге асырды.

Соның ішінде олардың % шамамен үлесі:

- ҚТКФ (меншікті флот) – 24,2 %
- ҚТКФ (жалға алынған флот) – 2,35 %
- КАСПАР – 1,7 %
- SOCAR – 2,8 %
- ARROW STAR – 0,84 %
- MRP Tanker LLC – 3,36%
- Мобилекс – 52,9 %.

Мұнайды Махачкала порты бағытында тасымалдау

Ақтау портынан Махачкала порты бағытында тиелген мұнайдың жалпы көлемі **2015 мың тонна** болды, соның ішінде **533 мың тонна** немесе 26,5 %-ы ҚТКФ күшімен тасымалданды.

Өндірістік жоспарға сәйкес атқарылу жоспар көрсеткіші 540 мың тоннаға қатысты 99 %-ды құрады.

Каспий өңірі бойынша қорытындылар

Есепті кезең ішінде Каспий өңірі бойынша тасымалданған мұнай көлемі **629 мың тонна** немесе жоспарланған көрсеткішке (540 мың тонна) қатысты 116 % құрады.

Мұнайды ашық теңіздерде тасымалдау

Мұнайды Қара және Жерорта теңіздерінде тасымалдаудың өндірістік көрсеткіштерін атқару 2020 жылғы қорытындылар бойынша 8 361 мың тонна немесе жоспарланған көрсеткішке (5 040 мың тонна) қатысты 166 % болды.

Мұнайдың жалпы көлемінің 3414 мың тоннасы меншікті флотпен және 4947 мың тоннасы жалға алынған кемелермен тасымалданды.

Ашық теңіздерде тасымалданған мұнай көлемі:

- Қара теңізде – 3 420 мың тонна;
- Жерорта теңізінде – 4 941 мың тонна.

Қара теңіз бойынша тасымалдау жоспарын атқару жоспарлы көрсеткіш 2880 мың тонна қатысты 119 %, ал Жерорта теңізі бағытында жоспарлы көрсеткіш 2 160 мың тоннаға қатысты 229 % құрады.

«KMG Trading» ЖШС жүктерінің үлесі 9 412 мың тоннаны немесе жалпы тасымалданған жүктер көлемінің 100 % -ын құрады.

COVID-19 пандемияның одан әрі жалғасуына және осының салдарынан мұнай бағасының күрт төмендеуіне қарамастан 2020 жылы өндірістік жоспар 166 %-ға асыра орындалды.

ТОҚЖ (Теңіз операцияларын қолдау флоты) жұмысының қорытындылары.

Есепті жылы мына жұмыстар жүргізілді:

GAP Insaat:

Түрікменстанда теңіз порттары құрылысының аяқталуына байланысты 2020 жылғы наурызда осы жұмыстарға тартылған ҚТКФ меншігіндегі ҚМГ-107 баржасы «Нептун» сүйреткішінің күшімен Говсан портынан (Түрікменстан) Баутин портына жұмылдырылды.

KPI жобасы

«KPI Inc.» ЖШС газхимиялық кешенінің құрылысын салу үшін ірі салмақты және шағын көлемді жүктерді тасымалдау жобасын іске асыру шеңберінде 2020 жылы басталатын навигациялық маусымда уақыт тапшылығын ескере отырып, 2019 жылғы қазанда КМГ-101, КМГ-102, КМГ-103, КМГ-104, КМГ-105, КМГ-106 баржалары Азов портына жұмылдырылды.

2020 жылғы сәуірде баржалар транзиттік Констанца портына (Румыния) жұмылдырылды, бұған кран орнатылған мұхит кемесі Оңтүстік Кореядан келіп жетті. Жалпы салмағы 3600 тонна жүктердің 25 бірлігі екінші бортымен арқанға байланған «ҚМГ» баржасына тиелді.

Батиметрия, теңіз түбін тереңдету және баржа-сүйреткіш құрамасының Орал-Каспий арнасының теңіз бен өзен аймақтарын бүй орнатылған жерден Атырау теңіз портына дейін жүзіп өтуіне әзірлеу бойынша қомақты жұмыс орындалды.

Жоба бойынша жүктер өз межелі жеріне тапсырысшымен белгіленген мерзімде жеткізілді.

Контейнерлерді тасымалдау


ТХКМ маршрутында жиырма футтық эквивалент шамасында **12 434** контейнер мына бағыт бойынша тасымалданды:

Ақтау порты – Алят (Баку) порты: **8 476 ДФЭ**;

Алят (Баку) порты – Ақтау порты: **3 958 ДФЭ**.

Орташа тиелім 50,7 % құрады (Ақтау порты– 62,22%; Алят порты – 32,58%).

№3 Кесте



2020 жылғы желтоқсанда алғаш рет Түркиядан Қытайға жүк пойызы қатынап бастады. Ол бүкіл транзиттік жолды рекордық 13 күн ішінде жүріп өтті.

Тұтынушының қанағаттанушылық деңгейі және тұтынушымен кері байланыста болу.

Критерийлер маңыздылығының деңгейін бағалау

№4 Кесте

Негізгі факторлар	«Kenoleri Logistics» ЖШС	ADY Container	Eurasian Trading and Shipping FZC	Орташа
Компанияның қызметтер нарығында танымалдығы	10	8	10	9,3
Компанияның іскерлік беделі	10	8	10	9,3
Ұсынылатын қызметтердің сапасы	10	8	10	9,3
Теңіз тасымалы (мұнай) нарығында жұмыс тәжірибесі	10	9	10	9,7
Қызметтерді ұсыну мерзімдерінің сақталуы	10	9	10	9,7
Менеджмент жүйесінің тиімділігі	10	8	10	9,3
Клиенттермен жұмыс жасайтын қызметкерлердің құзырлығы	10	9	10	9,7
Тиімді тарифтік саясат	10	8	10	9,3
Нарықтағы өзгерістерге бейімделу	10	7	10	9
Жүктердің қауіпсіз теңіз тасымалын жүзеге асыру үшін кемелердің материалдық-техникалық жарақталуы	10	7	10	9
Кемелердің техникалық менеджменті	10	9	10	9,7
Теңіз тасымалын жүзеге асыру кезінде халықаралық конвенциялар (ХҚБК, SOLAS, MARPOL және т.б.) мен	10	8	10	9,3

	Ұлттық нормалардың сақталуы				
	Мемлекеттік құрылымдарда мүдделік қолдау тетіктерінің болуы	10	9	10	9,7
	Қызметтердің кең аясын ұсынуға лицензиялар мен рұқсаттардың болуы	10	8	10	9,3
	Жеке меншік флоттың болуы	10	10	10	10
	Компания туралы ақпаратқа қолжетімділік	10	8	10	9,3

Сауалнама нәтижелері бойынша мынадай нәтижелер алынды:

ҚТКФ клиенттерінің қанағаттану деңгейін бағалау

№5 Кесте

	Негізгі факторлар	«Kenoleri Logistics» ЖШС	ADY Container	Eurasian Trading and Shipping FZC	Орташа
	Компания теңіз тасымалы нарығында қаншалықты танымал?	5	5	5	5
	Компанияның іскерлік беделін қаншалықты бағаладыңыз?	5	5	5	5
	Ұсынылған қызметтер сапасы?	5	4	5	4,7
	Теңіз тасымалы нарығында жұмыс тәжірибесі?	5	5	5	5
	Қызметтерді ұсыну мерзімінің сақталуы?	5	5	5	5
	Менеджмент жүйесінің тиімділігі?	5	5	5	5
	Клиенттермен жұмыс жасайтын қызметкерлердің құзырлығы?	5	5	5	5
	Компанияның тарифтік саясаты қаншалықты көңіліңізден шықты?	5	4	5	4,7
	Компания нарық өзгерістеріне қаншалықты шапшаң бейімделеді?	5	5	5	5
0	Сіз компания кемелерінің жүктердің қауіпсіз теңіз тасымалын жүзеге асыру үшін материалдық-техникалық жарақталуын қалайша бағаладыңыз?	5	4	5	4,7
1	Кемелердің техникалық менеджмент сапасына баға беріңіз	5	5	5	5
2	Теңіз тасымалын жүзеге асыру кезінде халықаралық конвенциялар мен ұлттық нормалардың (ХҚБК, SOLAS, MARPOL және т.б.) сақталу тиімділігі қандай?	5	5	5	5
3	Мемлекеттік құрылымдарда мүдделік қолдау тетіктерін қолдану мүмкіндіктері қандай?	5	5	5	5
4	Қызметтердің кең аясын ұсынуға лицензиялар мен рұқсаттардың болуы қажет пе?	5	5	5	5
	Компанияда жеке меншік флоттың	5	5	5	5

5	болуына қандай баға бересіз?				
6	Компания туралы ақпаратқа қолжетімділік қандай?	5	4	5	4,7

№4 Кестеге сәйкес техникалық менеджмент қызметтерін ұсыну сапасы сияқты критерий «үздік» деп бағаланды.

Қалған теңіз тасымалы нарығында жұмыс тәжірибесі, клиенттермен жұмыс жасайтын қызметкерлердің құзырлығы, жүктердің қауіпсіз теңіз тасымалын жүзеге асыру үшін кемелердің материалдық-техникалық жарақталуы, кемелердің техникалық менеджменті, теңіз тасымалын жүзеге асыру кезінде халықаралық конвенциялар (ХҚБК, SOLAS, MARPOL және т.б.) мен ұлттық нормалардың сақталуы, мемлекеттік құрылымдарда мүдделік қолдау тетіктерін қолдану мүмкіндіктері сияқты критерийлер «үздік» деп бағаланды.

Негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштердің орындалуы

№6 Кесте

р/н	Көрсеткіш атауы	Өлшем бірлігі	2020 жыл			2021 жыл	
			Түзетулер енгізілген жоспар	нақты	атқарылуы (%)	жоспар	
	2	3	4	5	6=5/4	7	
	КІРІСТЕР, соның ішінде:	млн теңге	51 271	75 481	147 %	46 735	
.1	Негізгі қызметтен түскен кірістер	млн теңге	51 186	73 962	144%	32 198	
.2	Қаржыландырудан түскен кірістер	млн теңге	23	12 8	557%	20	
.3	Негізгі емес қызметтен түскен кірістер	млн теңге	62	1 391	2244%	14 518	
	ШЫҒЫСТАР, соның ішінде:	млн теңге	36 985	67 969	184 %	46 028	
.1	Өзіндік құны	млн теңге	32 014	51 984	162%	28 638	
.2	Жалпы және әкімшілік шығындар	млн теңге	3 271	3 114	95%	2 653	
.3	Сатып өткізу бойынша шығыстар	млн теңге	38	69 0	1816%	26	
.4	Қаржыландыру шығыстары	млн теңге	1 600	1 254	78%	97 6	
.5	Негізгі емес қызмет шығыстары	млн теңге	62	10 927	1762 4%	13 734	
	Жалпы пайда	млн теңге	19 172	21 978	115 %	3 559	

ҚТКФ 2020 жылғы кірістері

ҚТКФ 2020 жылғы кірістері 75 481 млн теңгені, бұл жоспарлы көрсеткіштің 147 %-ын құрады. Алдыңғы жылдың осыған ұқсас кезеңі бойынша кірістер 218 % құрады.

ҚТКФ 2019 жылы негізгі қызметінен түскен кірістері 96 246 220 мың теңгені құрады, бұл жоспарлы көрсеткіштің 223 %-ын құрады. Алдыңғы жылдың осыған ұқсас кезеңіне кірістер 223 % құрады.

2019 жылғы қаржыландырудан түскен кірістер 125 251 мың теңгені немесе жоспарлы көрсеткіштің 383 %-ын құрады.

Негізгі емес қызметтен түскен кірістер 921 873 мың теңгені құрады.

ҚТКФ есепті кезең бойынша негізгі қызметтен түскен кірістері 73 962 млн теңгені немесе жоспардың 144%-ын құрады.

Есепті кезең бойынша қаржыландырудан түскен кірістер 128 млн теңгені құрады. Бұл банктерге орналастырылған еркін ақшалай қаражат депозиттері бойынша сыйақы.

Негізгі емес қызметтен түскен кірістер жоспарлы көрсеткіштерден 1 329 млн теңгеге асыра орындалды.

ҚТКФ бойынша 2020 жылғы шығыстар

2020 жыл бойынша ҚТКФ шығыстары 67 969 млн. теңгені құрады, бұл жоспарлы көрсеткіштің 184%-ын құрады.

ҚТКФ негізгі қызметінің шығыстары есепті кезеңде 51 984 млн теңгені немесе жоспардың 162 %-ын құрады.

Сатып өткізу бойынша шығыстар 690 млн теңгеге сомасында орындалды немесе жоспардан 652 млн.теңгеге жоғары болды.

Есепті кезең бойынша жалпы және әкімшілік шығыстар 3 114 млн теңгені құрады. Үнемдеу 157 млн теңгені құрады.

Қаржы шығыстары 1 254 млн теңгені немесе жоспардың 78 %-ын құрады.

2020 жылғы қорытынды табыс 5 697 млн.теңгені құрады.

САЛАНЫ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Саланы дамытудың негізгі перспективалары ҚТКФ даму стратегиясына сәйкес ішкі және сыртқы факторларды есепке ала отырып, бұрынғы деңгейде қалуда:

- Ақтау порты арқылы құйылмалы мұнай жүктерін тасымалдау кезінде Оңтүстік маршрутын (Транскаспий) сақтап қалу;

- ҚТКФ кемелерінің РФ ішкі су жолдары арқылы бөгетсіз өтуі арқылы ҚТКФ бизнесінің географиялық аясын кеңейту;

- мұнайды әлемдік нарыққа тасымалдауды ұйымдастыру арқылы ҚМГ компаниялар тобының синергиясына қатысу;

- нарықтағы үлесін және қызметтерді сенімді және сапалы ұсынудан жиынтық табысты ұлғайту мақсатында КТҚС оффшорлық жобалары үшін меншікті сервистік флотты (жабдықтаушы кемелер, АМТЖ кемелері, авариялық-құтқару кемелері және т.б.) құру арқылы ҚТКФ ұсынатын қызметтер аясын кеңейту;

- мұнай өнімдерін, астықты, халық тұтыну тауарларын, сондай-ақ түрлі үйілген жүктерді экспортқа және импортқа шығарудың қосымша мүмкіндіктерін беретін жаңа көліктік-логистикалық жүйені дамыту мақсатында паромдық тасымалды жүзеге асыру;

Сондай-ақ, ҚТКФ Каспий теңізі мен ашық теңіздерде нарықтық конъюктураны ескере отырып, мына бағыттарда дамуды жоспарлайды:

- Атырау облысында Біріктірілген Газхимиялық Кешен (КРІ) құрылысы үшін ҚТКФ кемелерімен модульдерді тасымалдау;

- Транскаспий Халықаралық Көлік Маршруты (ТХКМ) бойынша контейнерлерді тасымалдау үшін МСV кемелерін жаңғырту;

- ҚМГ, ҚМГ-Интернейшнл және ҚТКФ арасында жеткізілім мен тасымалға жасасқан Негіздемелік келісімді іске асыру шеңберінде ашық теңіздерде танкерлердің (Афрамакс пен Суэцмакстар) санын ұлғайту.

КОМПАНИЯ ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

ҚТКФ бойынша қолданысқа енгізілген Тәуекелді басқару саласындағы саясат қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада Компания қызметінің сенімділік кепілдігін арттыру үшін тәуекелді басқару мақсаттары мен әдістерін айқындайды.

Тәуекелді басқару саласында ҚТКФ мақсаттары ретінде тиісінше тәуекелді талдау арқылы басқарушылық шешімдердің тиімділігін арттыру, сондай-ақ тәуекелді басқару жөніндегі іс-шараларды орындаудың оң нәтижелерін қамтамасыз ету болып табылады.

Компанияның тәуекелді басқаруы мына қағидаттарға негізделді:

- тәуекелді талдау және басқару құралдарын негізгі корпоративтік процестерге біріктіру;

- компанияның корпоративтік тәуекел-мәдениетін дамыту;

- тәуекелді басқару бойынша жауапкершілікті барлық құрылымдық бөлімшелердің арасында бөліп белгілеу.

Тәуекелді басқару саласында белгіленген міндеттер:

- компания қызметкерлерінің тәуекел менеджментінің жоғары тиімділігіне қол жеткізуі үшін ҚТКФ бойынша тәуекелді басқару мәдениетін дамыту;

- тұтастай Компания қызметі сияқты оның жеке бағыттарына тән тәуекелді бағалауды анықтаудың жүйелі әдістерін қолданысқа енгізу;

- құрылымдық бөлімшелердің тәуекелді басқару жүйесі бөлігінде ақпараттық бірігуін ынталандыру;

- ҚТКФ басқару органдарына тәуекел туралы ақпарат беру.

ҚТКФ бойынша өндірістік тәуекелді іске асыруды төмендетудің негізгі әдістерінің бірі тәуекелді сақтандыру болып табылады. «Самұрық-Қазына» ҰАҚ Корпоративтік сақтандыру бағдарламасы шеңберінде ҚТКФ 2020 жылы кемелердің корпустары мен тетіктерін ерікті сақтандыру, су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін, мүлікті (әкімшілік кеңсе орын-жайы) сақтандыру мәніне шарттарды жасасты.

ҚТКФ тәуекелді басқару жүйесінің нормативтік-әдіснамалық базасын мына құжаттар құрайды:

- Тәуекелді басқару саясаты;

- Тәуекел жөніндегі Комитет туралы ереже;

- Өндірістік және өндірістік емес тәуекелді басқару процесін ұйымдастыру қағидасы;

- Тәуекелді талдаудың жеке құралдарын қолдану жөніндегі Жұмыс нұсқаулықтары.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Басқару құрылымы

ҚТКФ Жарғысының 7-бабына сәйкес ҚТКФ мынадай органдары көзделді:

1. жоғарғы орган – Жалғыз қатысушы;

2. бақылау-қадағалау органы – Қадағалау кеңесі;

3. алқалы атқарушы орган – Басқарма;

4. бақылаушы орган – Тексеру комиссиясы (Тексеруші) (қажеттігіне қарай Жалғыз қатысушының шешімі бойынша құрылады).

ҚТКФ Жарғысының 1-бабының 2-тармағына сәйкес ҚТКФ Жалғыз қатысушысы ҚМГ болып табылады.

Қадағалау кеңесі ҚТКФ Басқармасының қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган болып табылады және оның құрамын 3 (үш) мүше құрайды.

Қадағалау кеңесінің мүшелері Жалғыз қатысушымен 3 (үш) жылға сайланады. Қадағалау кеңесінің төрағасын Жалғыз қатысушы Қадағалау кеңесіне сайланған мүшелер қатарынан тағайындайды.

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабының 4-тармағына сәйкес Қадағалау кеңесінің мүшесі болып тек қана жеке тұлға сайланады. Ол серіктестіктің атқарушы органына бір мезгілде мүше болып сайлана алмайды.

ҚТКФ Басқармасы атқарушы орган ретінде ҚТКФ істерін жүргізеді және оның ағымдағы қызметіне басшылық етеді. Атқарушы орган Жалғыз қатысушы және Қадағалау кеңесі алдында есеп береді және Жалғыз қатысушының және Қадағалау кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады.

Басқарманы ҚТКФ Бас директоры (Басқарма төрағасы) басқарады.

Басқарма мүшесі өз міндеттерін орындау кезінде ҚТКФ мүдделігін таныта отырып, адал және парасатты әрекет етеді. ҚТКФ мүшесі тек қана жеке тұлға бола алады.

Тексеру комиссиясы (тексеруші) (қажеттігіне қарай Жалғыз қатысушының шешімі бойынша құрылады) бақылаушы орган ретінде ҚТКФ қаржы-шаруашылық қызметіне, сондай-ақ істерінің ағымдағы жай-күйіне бақылауды жүзеге асырады.

Тексеру комиссиясы (Тексеруші) міндетті түрде ҚТКФ жылдық қаржы есептілігін оны Жалғыз қатысушы бекіткенге дейін тексереді.

ҚТКФ Жалғыз қатысушысы

Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы ҚМГ болып табылады, ол Серіктестік қызметін басқаруды өзі жеке жүргізеді, Заңнамамен және Жарғымен жеке құзыретіндегі мәселелерді шешеді.

2020 жылы ҚМГ Басқармасы/Директорлар кеңесі деңгейінде ҚТКФ қызметі жөнінде әртүрлі шешімдер қабылданды.

ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімдері

№7 Кесте

Хаттама	Күні	Мәселе атауы
№2/2020 3,4-мәселелер	20.02.2020 ж.	1) «ҚТКФ Бас директорының (Басқарма төрағасы) өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және ҚТКФ Бас директорын (Басқарма төрағасын) тағайындау туралы» 2) «ҚТКФ Қадағалау кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және ҚТКФ Қадағалау кеңесінің мүшесін сайлау туралы»
№9/2020 15-мәселе	10.09.2020 ж.	1) «ҚТКФ Қадағалау кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және ҚТКФ Қадағалау кеңесінің мүшесін сайлау туралы»

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының шешімдері:

№8 Кесте

Хаттама	Күні	Мәселе атауы
№ 2 26-мәселе	03.02.2020 ж.	1) «ҚТКФ мына мәмілелерді – ҚТКФ және «Socar Logistics DMCC» компаниясы арасында «BAREKON 89» бербоут-чартер үлгісінің талаптарымен кемелерді жалға алуға жасасқан №1, 3, 5 Шарттарға № 3 Қосымшаны және «Arrow Star Holding Ltd» компаниясымен «Ақтөбе», «Орал», «Атырау» мұнай кемелерін (танкерлерді) сатып алу-сатуға Шарт жасасуы туралы»
№ 12 8, 23- мәселелер	31.03.2020 ж.	1) «ҚТКФ нәтижесінде құны 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңгеден жоғары мүлік сатып алынатын мәмілені – ТШО, «Bue Kazakhstan Limited» және ҚТКФ арасында мердігерлік қызмет көрсетуге жасасқан Шартқа №9 Қосымша келісімді жасасуы туралы»; 2) «ҚТКФ 2019 жылғы жеке және шоғырландырылған жылдық қаржы есептіліктерін бекіту және 2019 жылғы таза кірістерді бөлу туралы»
№ 28 3-мәселе	08.07.2020 ж.	1) «ҚТКФ Қадағалау кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және Қадағалау кеңесінің мүшесін сайлау туралы»
№ 32 2-мәселе	06.08.2020 ж.	1) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Басшы және басқарушы қызметкерлері қызметінің тиімділігін бағалау қағидасын бекіту туралы»
№ 34 5-мәселе	27.08.2020 ж.	1) «ҚТКФ кейбір ішкі нормативтік құжаттарын және ҚТКФ ішкі нормативтік құжаттарына енгізілген өзгерістерді бекіту туралы»; 2) «ҚТКФ Салық есеп саясатын бекіту туралы»; 3) «ҚТКФ Есеп саясатын бекіту туралы»; 4) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ бухгалтерлік есепке алуда есептеулерді қолдану саясатына өзгерістерді енгізу туралы»; 5) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатына өзгерістерді енгізу туралы»
№50 2-мәселе	03.12.2020 ж.	1) «ҚТКФ нәтижесінде құны 8000000000 (сегіз миллиард) теңгеден жоғары мүлік сатып алынатын мәмілені - «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және «Al Hilal» Ислам Банк» АҚ арасында жасасқан 04.07.2017 жылғы Иджара Muwsufa Fi Thima №3/2017-IMFTA Келісіміне №3 Қосымша келісімді жасасуын келісу туралы»
№ 53 2-мәселе	15.12.2020 ж.	1) «ҚТКФ нәтижесінде құны 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңгеден жоғары мүлік сатып алынатын мәмілені – ТШО, «Bue Kazakhstan Limited» және ҚТКФ арасында мердігерлік қызмет көрсетуге жасасқан Шартқа №10 Қосымша келісімді жасасуы туралы»;

ҚТКФ Қадағалау кеңесі

ҚТКФ Жарғысының 8-бабының 44) тармағының 2) тармақшасына сәйкес Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне Қадағалау кеңесінің мүшелерін тағайындау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Қадағалау кеңесінің адам санының құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, ҚТКФ Қадағалау кеңесі туралы ережені бекіту жатады.

2020 жылы ҚТКФ Қадағалау кеңесінің құрамында мыналар болды:

Қадағалау кеңесінің төрағасы	Марат Көшкінбайұлы Орманов	ҚМГ тасымалдау және логистика департаментінің директоры
Қадағалау кеңесінің мүшелері	Мәлік Оралұлы Сәулебай	ҚМГ Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры
	Азамат Аспандярулы Жанғұлов	Қадағалау кеңесінің мүшесі

2020 жылы ҚТКФ Қадағалау кеңесі деңгейінде мынадай шешімдер қабылданды:

Хаттама	Күні	Мәселе атауы
№ 01-20/ҚК	17.03.2020 ж.	1) «ҚТКФ Қадағалау кеңесінің 2020 жылға арналған Жұмыс жоспарын бекіту туралы»; 2) «ҚТКФ 2019 жылғы жеке және шоғырландырылған жылдық қаржы есептіліктерін алдын ала бекіту және Жалғыз қатысушыға 2019 жылғы таза кірістерді бөлу тәртібі туралы ұсыныстарын енгізу туралы»
№02-20/ ҚК	20.0.2020 ж.	1) «ҚТКФ нәтижесінде құны 1 000 000 000 (бір миллиард) теңгеден жоғары, бірақ 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңгеден аспайтын мүлік сатып алынатын мәмілені – PENA VIKO & CL (HONG KONG) Co. Limited. компаниясымен логистикалық қызметтерді ұсынуға шарт жасасуы туралы»
№03-20/ ҚК	01.04.2020 ж.	1) «ҚТКФ нәтижесінде құны 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңгеден жоғары мүлік сатып алынатын мәмілені – ТШО, «Vue Kazakhstan Limited» және ҚТКФ арасында мердігерлік қызмет көрсетуге жасасқан Шартқа №9 Қосымша келісімді жасасуы туралы»
№04-20/ ҚК	06.05.2020 ж.	1) «ҚТКФ 2019 жылғы Жылдық есептемесін бекіту туралы»
№05-20/ ҚК	29.05.2020 ж.	1) «ҚТКФ 2019 жылғы корпоративтік негізгі қызмет көрсеткіштерінің қорытынды нәтижелілігін бекіту туралы»; 2) «ҚТКФ басшы қызметкерлерінің 2019 жылғы корпоративтік негізгі қызмет көрсеткіштері карталарының қорытынды нәтижелілігін бекіту туралы»; 3) «ҚТКФ басшы қызметкерлеріне 2019 жыл бйойынша сыйақыны төлеу/төлемеу жөнінде шешім қабылдау туралы»; 4) «Alatau Shipping Ltd» 2019 жылға арналған жылдық қаржы есептілігін бекіту туралы»; 5) «Altai Shipping Ltd» 2019 жылға арналған жылдық қаржы есептілігін бекіту туралы»; 6) «ҚТКФ 2020-2024 жылдарға арналған түзетулер енгізілген Бизнес-жоспарын бекіту туралы»
№06-120 ҚК	25.08.2020 ж.	1) «Kazmortransflot Ltd» Жарғысын жаңа редакцияда бекіту туралы мәліметті қаперге алу туралы»; 2) «Kazmortransflot Ltd» 2019 жылғы жылдық қаржы есептілігін бекіту туралы»; 3) «Kazmortransflot Ltd» 2019 жылғы жылдық қаржы есептілігін бекіту және 2019 жылғы таза табысты бөлу туралы»; 4) «Kazmortransflot Ltd» 2020 жылғы 6 (алты) ай қорытындылары бойынша аралық қаржы есептілігін бекіту

		туралы, «ТК Ақтау» танкерін «Kazmortransflot Ltd» теңгерімінен ҚТКФ теңгеріміне қайта құрылымдау арқылы «Kazmortransflot Ltd» 2020 жылғы 6 (алты) айдағы аралық қаржы есептілігінің қорытындылары бойынша 1 641 960 000 (бір миллиард алты жүз қырық бір миллион тоғыз жүз алпыс мың) теңге мөлшеріндегі сомада дивиденттер төлемін бекіту туралы»; 5) ҚТКФ 1 641 960 000 (бір миллиард алты жүз қырық бір миллион тоғыз жүз алпыс мың) теңге сомасында мәмілені – сомасы 1 000 000 000 (бір миллиард) теңгеден жоғары, бірақ 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңгеден аспайтын «Kazmortransflot Ltd» компаниясымен «ТК Ақтау» мұнай танкерін меншіктену құқығын беру актісін жасасу туралы»
№07-20/ ҚК	25.08.2020 ж.	1) Қадағалау кеңесінің хатшысын тағайындау туралы»; 2) «ҚТКФ нәтижесінде құны 1 000 000 000 (бір миллиард) теңгеден жоғары, бірақ 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңгеден аспайтын мүлік сатып алынатын мәмілені – PENAVIKO&CL (HONG KONG) Co. Limited. компаниясымен логистикалық қызметтерді ұсынуға жасасқан Шартқа №1 Қосымша келісімді жасасуы туралы»; 3) «ҚТКФ активтерін сатып өткізу қағидасы» ҚТКФ.096 КСТ өзгерістерін бекіту туралы
№08-20/ ҚК	28.08.2020 ж.	1) «Қадағалау кеңесінің хатшысын тағайындау туралы»; 2) «ҚТКФ басшы қызметкерлерінің 2020 жылға арналған корпоративтік негізгі қызмет көрсеткіштерін және олардың мақсатты міндеттерін бекіту туралы»
№09-20/ ҚК	09.09.2020 ж.	1) «Қадағалау кеңесінің хатшысын тағайындау туралы»; 2) «ҚТКФ басшы қызметкерлерінің 2020 жылға арналған корпоративтік негізгі қызмет көрсеткіштерін және олардың мақсатты міндеттерін бекіту туралы»
№10-20/ ҚК	04.10.2020 ж.	1) «ҚТКФ түзетулер енгізілген 2020-2024 жылдарға арналған Бизнес жоспарын 2020 жылғы Бюджет бөлігінде бекіту туралы»
№11-20/ ҚК	24.11.2020 ж.	1) ҚТКФ 2020-2025 жылдарға арналған Бизнес-жоспарын бекіту туралы»
№11-21/ ҚК	21.12.2020 ж.	1) «ҚТКФ 1 000 000 000 (бір миллиард) теңгеден жоғары мәмілені - ҚТКФ және «Al Hilal» Ислам Банк» АҚ арасында жасасқан 04.07.2017 жылғы Иджара Muwsufa Fi Thima №3/2017-IMFTA Келісіміне №3 Қосымша келісімді жасасуы туралы»; 2) «ҚТКФ 1 000 000 000 (бір миллиард) теңгеден жоғары мәмілені – ТШО, «Vue Kazakhstan Limited» және ҚТКФ арасында мердігерлік қызмет көрсетуге жасасқан Шартқа №10 Қосымша келісімді жасасуы туралы»

ҚТКФ Басқармасы

Басқарма – ҚТКФ ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган.

Басқарма қызметінің негізін ҚМГ тұлғасында Жалғыз қатысушының мүддесін барынша сақтау қағидаты құрайды және ол оның шешімдері және ҚТКФ Қадағалау кеңесінің шешімдері бойынша толықтай есеп береді.

2020 жылы ҚТКФ Басқармасы мүшелерінің құрамында өзгерістер болды.

- ҚМГ Басқармасының 24.12.2019 жылғы шешімінің үзіндісіне орай (№54 хаттама, 1-мәселе) мынадай шешімдер қабылданды:

- ҚТКФ Бас директоры (Басқарма төрағасы) Марат Көшкінбайұлы Ормановтың 2020 жылғы 6 ақпаннан бастап өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасымен осы мәселе белгіленген тәртіппен келісілген жағдайда мақұлданын;

- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасымен осы мәселе белгіленген тәртіппен келісілген жағдайда 2020 жылғы 7 ақпаннан бастап ҚТКФ Бас директоры (Басқарма төрағасы) болып Айдар Есенжанұлы Ормановты ҚТКФ Басқармасы үшін тұтастай айқындалған өкілеттік мерзіміне тағайындау мақұлданын.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Басқармасының бетпе-бет өткізілген отырысының 2020 жылғы 03 ақпандағы №02/20 хаттамасынан жасалған үзінді көшірмеге сәйкес мынадай шешімдер қабылданды:

- 2020 жылғы 6 ақпаннан бастап ҚТКФ Бас директоры (Басқарма төрағасы) Марат Көшкінбайұлы Ормановтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату келісілсін;

- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасымен осы мәселе белгіленген тәртіппен келісілген жағдайда 2020 жылғы 7 ақпаннан бастап ҚТКФ Бас директоры (Басқарма төрағасы) болып Айдар Есенжанұлы Ормановты ҚТКФ Басқармасы үшін тұтастай айқындалған өкілеттік мерзіміне тағайындау келісілсін.

ҚМГ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 20 ақпандағы №2/2020, 3-тармақ хаттамасынан жасалған үзінді көшірмеге сәйкес мынадай шешім қабылданды:

- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасымен осы мәселе белгіленген тәртіппен келісілген жағдайда 2020 жылғы 6 ақпаннан бастап ҚТКФ Бас директоры (Басқарма төрағасы) Марат Көшкінбайұлы Ормановтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын;

- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасымен осы мәселе белгіленген тәртіппен келісілген жағдайда 2020 жылғы 7 ақпаннан бастап ҚТКФ Бас директоры (Басқарма төрағасы) болып Айдар Есенжанұлы Орманов ҚТКФ Басқармасы үшін тұтастай айқындалған өкілеттік мерзіміне тағайындалсын.

Басқарма өз қызметін ҚТКФ Жарғысы және ҚТКФ Басқармасы туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2020 жылы ҚТКФ Басқармасының 9 отырысы өтті.

2020 жылы ҚТКФ Басқармасының төрағасы мен мүшелеріне 2019 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлемдері жүргізілді.

2020 жылғы желтоқсанның 31-і күніне Басқарма құрамында болған адамдар туралы мәлімет:

Басқарма төрағасы (Бас директор)

- Айдар Есенжанұлы Орманов;

Басқарма мүшелері:

- Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары – Ринат Ғалымжанұлы Сүлейменов;

- Заң департаментінің директоры – Жомарт Сәрсенбекұлы Мұхамеджанов.

Тексеру комиссиясы (тексеруші)

2020 жылғы желтоқсанның 31-і күніне ҚТКФ Жарғысының 8-бабының 44-тармағының 4) тармақшасына сәйкес ҚТКФ Жалғыз қатысушысының шешімімен тексеру комиссиясын (тексеруші) құру мәселесі жөнінде шешім қабылданбады.

КОМПАНИЯ МЕН ОНЫҢ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МЕНШІК ҚҰРЫЛЫМЫ

ҚТКФ тобының құрамына оның 100 % еншілес ұйымдары ретінде «Kazmortransflot Ltd.» (Мэн аралдары), «Kazmortransflot UK Ltd.» (Ұлыбритания), «Altai Shipping Ltd» (Маршалл аралдары) және «Alatau Shipping Ltd» (Маршалл аралдары) кіріп отыр.

Компания активтерінің құрылымы туралы қысқаша ақпарат

№ 11 Кесте

р/н	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС құрылымындағы ұйым атауы	Үлесі	Шоғырландыру жағдайы	Шоғырландыру әдісі (қатысу үлесіне, құнына толық, барабар)
	Kazmortransflot Ltd	100%	иә	толық
	Kazmortransflot UK Ltd	100%	иә	толық
	Altai Shipping Ltd	100%	иә	толық
	Alatau Shipping Ltd	100%	иә	толық

ҚТКФ активтерінің құрылымы:

1) Сауда флоты:

- салмағы 12 000 тонналық «Астана», «Алматы» және «ТК Ақтау» мұнай танкерлері;

- әрқайсысының салмағы 115 000 тоннаға дейін «Афрамекс» үлгісіндегі «Алтай» мен «Ақтау» ірі салмақты танкерлер;

2) Теңіз операцияларын қолдау флоты:

– «Талас», «Ембі» «Ырғыз» сүйреткіштері;

- әрқайсысының жүккөтерімдігі 3 600 тонналық «КМГ» топтамасындағы баржа-алаңшалар: «КМГ-101», «КМГ-102», «КМГ-103», «КМГ-104», «КМГ-105», «КМГ-106», «КМГ-107», «КМГ-108».

- мамандандырылған МСУ «Barys», «Berkut», «Sunkar» кемелері;

3) өзге объектілер:

- Ақтау қаласында орналасқан әкімшілік ғимарат, 14 шағын ауданы, 70 ғимарат.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ, ҚАУІПСІЗДІКТІ БАСҚАРУ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ, ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТЕХНИКА ҚАУІПСІЗДІГІ ЖҮЙЕЛЕРІ

Менеджмент жүйесі

• ҚТКФ Қауіпсіздікті басқару жүйесі (бұдан әрі – ҚБЖ) 2006 жылдан бастап «Ресей теңіз кеме тіркелімі» сыныптаушы қоғамымен (Халықаралық сыныптаушы қоғамдар қауымдастығының мүшесі) куәландырылды және Кемелерді қауіпсіз басқару және кемелерден ластануды болдырмау жөніндегі халықаралық кодекс (бұдан әрі – ХҚБК) талаптарына сәйкес келеді.

• ҚТКФ Менеджментінің біріктірілген жүйесі (бұдан әрі – МБЖ) 2003 жылдан бастап «Орыс тіркелімі» сертификаттау жөніндегі қауымдастығымен «Сапа менеджменті жүйесі» ISO 9001, «Экологиялық менеджмент жүйесі» ISO 14001, «Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі» ISO 45001 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес болуына, 2016 жылдан

бастап ISO 9001 ҚР СТ, ISO 14001 ҚР СТ, OHSAS 18001 ҚР СТ ұлттық стандарттарының талаптарына сәйкес болуына сертификатталды.

Ішкі аудит

2020 жылғы ақапаннан наурызға дейінгі кезеңде ҚТКФ аудиторлары ҚТКФ құрылымдық бөлімшелері мен кемелерінде ішкі аудит өткізді.

№12 Кесте

Анықталды	Жойылды	Басым мәні	
		Сәйкес келмеушіліктер	Тексеру бойынша ескертпелер
Құрылымдық бөлімшелер			
76	74	26	50
Кемелер			
28	26	5	15

ҚТКФ сыртқы тексерістері

Assurance Assessment (Blue Water Shipping)

2020 жылғы қаңтарда серіктес консорциум тарапынан Болашақ кеңейту жобасында ҚТКФ ҚБЖ бағалау мақсатында Blue Water Shipping компаниясымен тексеріс жүргізілді.

№13 Кесте

Анықталды	Жойылды	Басым мәні	
		Сәйкес келмушіліктер	Тексеру бойынша ескертпелер
15	15	1	14

Қауіпсіздікті басқару жүйесі

2020 жылғы наурызда ҚТКФ ҚБЖ қайтара куәландырудан ойдағыдай өтті. Нәтижесінде Ресей Теңіз Кеме Тіркелімі ҚТКФ Компанияның сәйкестік сертификатын мерзімі 5 (бес) жылға берді.

Менеджменттің біріктірілген жүйесі

2020 жылғы сәуірде «Орыс тіркелімі» сертификаттау жөніндегі қауымдастығы және «Capital Managment» ЖШС ҚТКФ МБЖ ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018, ISO 9001-2009 ҚР СТ, ISO 14001-2006 ҚР СТ, OHSAS 18001-2008 ҚР СТ халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес болуы мәніне инспекциялық аудит өткізді.

№14 Кесте

Анықталды	Жойылды	Басым мәні	
		Сәйкес келмеушіліктер	Тексеру
3	3	2	1

Аудит нәтижелері бойынша жоғарыда көрсетілген стандарттарға сәйкес келуіне сертификаттар берілді.

Joint OVMSA Verification & Assessment (JOVA)

2020 жылғы мамырдан шілдеге дейінгі уақыт аралығында ТШО компаниясы тарапынан ҚТКФ Халықаралық мұнай компаниялары форумының (Oil Companies International Marine Forum или OCIMF) талаптарына сәйкес келуі мәніне JOVA тексерісі жүргізілді.

Осы тексеріске әзірлік жүргізу үшін 2020 жылғы наурыздан сәуірге дейін мына іс-шаралар өткізілді:

- Offshore Vessel Management and Self-Assessment (OVMSA) бағдарламасының 1-нұсқасы бойынша OCIMF-OVID базасында Компанияның өзін өзі бағалауы әзірленді;

- OVMSA 2-нұсқасына өту үшін Компанияның бағалау жоспары әзірленді;

- «Offshore Vessel Particulars Questionnaire (OVPQ)» жаңартылды;

- Crew matrix в базе OCIMF-OVID жаңартылды;

- 2017 жылғы алдыңғы JOVA тексеру нәтижелері пысықталып, қаперге алынды.

Тексеріс нәтижелері бойынша ҚТКФ 5 (бес) жылда 1 (бір) мәрте қайтара тексеру жүргізу жағдайын қоса алғанда OCIMF талаптарына сәйкес келудің ең жоғары деңгейі белгіленді.

Тексеріс барысында ҚТКФ ҚБЖ жақсартуға бағытталған 30 (отыз) тексеру ескертпесі қойылды.

Өрт қауіпсіздігі

2020 жылғы желтоқсанда ҚТКФ бойынша Маңғыстау облысының Төтенше жағдайлар департаментімен жоспарлы тексеріс жүргізілді.

Осы орайда ҚТКФ ғимараты тексеріліп, нәтижесінде 1 (бір) сәйкес келмеушілік анықталды.

№15 Кесте

Анықталды	Жойылды	Басым мәні	
		Сәйкес келмеушіліктер	Тексеру бойынша ескертпелер
1	1	1	0

ҚТКФ кемелерінде жүргізілген сыртқы тексерістер

Offshore vessels information database (OVID)

БКЖ жобасының талаптарына сәйкес келу үшін ҚТКФ кемелері ТШО тарапынан жыл сайынғы OVID тексерісінен өтті:

«Talas», «Emba», «Irgiz» сүзреткіштері - 2020 жылғы қаңтар;

MCV Barys, Berkut, Sunkar – 2020 ылғы наурыз.

№16 Кесте

Анықталды	Жойылды	Басым мәні	
		Сәйкес келмеушіліктер	Тексеру бойынша ескертпелер
105	105	0	105

Анықталған сәйкес келмеушіліктер бойынша барлық ескертпелерді уақтылы жою нәтижесінде ҚТКФ кемелері ТШО тарапынан БКЖ жобасының операциялық кезеңі басталмай тұрып мақұлданды.

БКЖ жобасындағы кемелердің басқадай тексерістері

2020 жылы ҚТКФ кемелеріне ТШО тарапынан жоспарлы тексерістер өткізілді.

№17 Кесте

Инспекция түрі	Сәйкес келмеушілік	Ескертпе	Оның ішінде жойылған
Condition & Suitability survey	7	3	10
ELC Mobilization inspection	0	9	9

Marine OE Inspection	0	7	7
----------------------	---	---	---

ҚТКФ бойынша ҚБЖ мен МБЖ жақсарту мыналар арқылы тұрақты негізде жүзеге асырылды:

- кемелердегі ҚБЖ құжаттамасына өзгерістерді енгізу жөніндегі ұсыныстарды пысықтау:

- ішкі және сыртқы тексерістерді жүргіз нәтижелері бойынша жоюға берілген ескертпелерді талдау;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында және ҚТКФ қызметіне қатысты халықаралық талаптарда болған өзгерістерге мониторинг жүргізу.

Есепті кезең ішінде ҚБЖ мына құжаттары әзірленіп, қолданысқа енгізілді:

- 01-6-ISM Денсаулықты сақтау және еңбек гигиенасы жөніндегі Корпоративтік стандарт;

- 01-7-ISM «Қорғау» картасын қолдану регламенті;

- 01-8-ISM Денсаулықты қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласында менеджмент жүйесі жөніндегі Нұсқау;

- 01-9-ISM Қызметкерлерді жеке бас қорғанысының құралдарымен қамтамасыз ету рәсімі;

- 04-2-ISM Электрондық картографиялық навигациялық-ақпараттық жүйені қолдану рәсімі;

- 04-3-ISM Арқанға байлау желісін басқару жоспары;

- 05-ISM MCV үшін кеме операцияларына басшылық жүргізу.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау

Еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық конвенциялардың, үздік практиканың талаптарына, сондай-ақ тапсырысшылар мен Жалғыз қатысушының талаптарына сәйкес мына жұмыстар орындалуда:

- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында құжаттама әзірленіп бекітілді (нұсқаулықтар, қағидалар, рәсімдер, алтын қағидалар және т.б.);

- Қызметкерлерге нұсқамалар (кіріспе, жұмыс орнында бастапқы, жоспардан тыс, мақсатты) берілді, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқыту, білімін тексеру жүргізілді;

- Қауіпсіздік бойынша мінез-құлықты бауылау жүйесі қолданысқа енгізілді;

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары тобының денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында үздік инновациялық идеялар мен тәжірибелер» жыл сайынғы конкурсының 1-туры өткізілді;

- Қызметкерлерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруға шарт жасасты;

- Кемелердің экипаждары арнайы киіммен және жеке бас қорғанысының басқадай құралдарымен қамтамасыз етілді;

- Қызметкерлерге медициналық қызметтерді ұсыну шарты/медициналық сақтандыру шарты шеңберінде тегін медициналық қызметтер ұсынылды;

- Экипаждардың ауысым кезінде медициналық куәландыру және алкотест өткізілді. Капитандар алкогольдік ішімдіктердің қолданылуына жоспардан тыс ай

сайын тест өткізіп отырды. Сондай-ақ, мамандандырылған ұйыммен есірткі мен алкогольдік ішімдіктерге тест жылына кем дегенде бір мәрте жүргізіліп отырды;

- санитарлық бақылау жүргізу мақсатында кемелердің сумен жабдықтау жүйесінде суды микробиологиялық және макробиологиялық зерттеу (талдау) жүргізіліп отырды;

- Қауіпсіздік бойынша мінез-құлықты тексеру жүргізіліп отырды, сондай-ақ қауіпсіздік карточкалары толтырылды.

Есепті кезең ішінде ҚТКФ қызметкерлеріне қатысты және кемелердің экипаждарында бірден бір жазатайым оқиға тіркелмеді. Осылайша, компанияның Саясатында белгіленген мақсаттар орындалды.

«COVID-19» жұқпасына қарсы күрес жүргізу жөніндегі іс-шаралар

COVID-19 жұқпасынан сақтандыру және оның таралуын болдыртпау мақсатында мынадай жұмыстар орындалды:

- Барлық орын-жайлардың санитарлық-зарарсыздандыру режимі күшейтілді (ғимаратта және кемелерде);

- кемелер үшін Жағымсыз эпидемиологиялық жағдайда жұмыстарды ұйымдастыру жоспары әзірленді;

- дене температурасын күніне екі мәрте міндетті түрде өлшеу арқылы экипаж мүшелерінің денсаулық жағдайына күн сайын мониторинг жүргізіліп отырды; аса қажет болмаған жағдайда болмаса, жағалауға шығуға тыйым салынды;

- кеме экипаждары ауысым жағдайында әрбір мәрте ПЦР тест тапсырып отырды;

- ҚТКФ ғимаратында медициналық қызметкер қашықтан өлшейтін термометрді қолдану арқылы барлық келушілер мен қызметкерлердің дене температурасын өлшеп отырды; ғимараттың кіре беріс жолында «Зарарсыздандыру тоннелі» орнатылды.

- маска тағып жүру және әлеуметтік қашықтықта болу режимі сақталды;

- көпшілік адамдардың жиналуымен өткізілетін іс-шаралар (форумдар, мәжілістер, жиналыстар және т.б.) шектелді;

- ғимарат пен кемелерде антисептик сұйықтықтары құйылған санитайзерлер орнатылды;

- көз жанары түсетін жерлерде COVID-19 жөнінде графикалық материалдар (қауіпсіз арақашықтықты сақтау, бетіне маска тағып жүру, жеке тазалық гигиенасының қағидаларын ұстану және т.б.) орнын тапты;

- ҚМГ Қауіпсіздікті басқару орталығына есептеме күн сайын біріліп отырды;

- Жуу және зарарсыздандыру сұйықтықтарын қолдану арқылы қызметтік автокөлікті жуып-тазалау жүргізіліп отырды.

ҚТКФ қызметкерлері және кеме экипаждарының мүшелері арасында COVID-19 жұқпасының салдарынан өлімге әкеліп соқтырған жағдайлар тіркелмеді.

Өрт қауіпсіздігі және төтенше жағдайларға ден қою

Жағалау мен кеме персоналының төтенше жағдайларға тұрақты әзірлігін қамтамасыз ету үшін:

- Диспетчерлік қызметтің тәулік бойы (24/7) кезекшілігі ұйымдастырылды, ол

байланыс және құлақтандыру жүйелері (соның ішінде Маңғыстау облысының ТЖД тікелей байланысу арқылы) арқылы қамтамасыз етілді;

- ХҚБК талаптарына сәйкес тұрақты негізде авариялық жағдайлар мен оқиғалар жөніндегі Жедел штаб әрекет етті;

- Кемелерде ХҚБК сәйкес оқу-жаттығулар жүргізілді, сондай-ақ кеме-жағалау іс-қимылы пысықталды;

- Төтенше жағдайларда кеме персоналының іс-әрекетін практикалық пысықтау компания түзіп жасаған оқу-жаттығу бағдарламалары бойынша жүргізілді;

- Кемелерде және ғимаратта өрт сөндіру автоматикасы мен өрт сөндіру жүйесіне, сондай-ақ бастапқы өрт сөндіру құралдарына уақтылы қызмет көрсету және тексеру жүзеге асырылды;

- Әкімшілік ғимаратта жиналу жеріне персоналды эвакуациялау арқылы өрт қауіпсіздігі бойынша оқу-жаттығу дабылы өткізілді;

- Өрт қауіпсіздігі қағидасына өзгерістердің енгізілуіне (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 13.12.2019 жылғы №921 Қаулысы) байланысты, қозғалтқышы сығылған табиғи газда жұмыс жасайтын автомобильдердің №70 ғимаратта орналасқан автопаркингке тұраққа қойылуына жол бермеу мақсатында ҚТКФ қызметкерлері мен жалға алушылардың көлік құралдарында газ-баллон жабдығының болу/болмауы мәніне тексеріс жүргізілді. Тексеріс нәтижелері бойынша паркингке тұраққа қоюға рұқсат етілген көлік құралдарының тізімі түзіп жасалды.

Есепті кезеңде ҚТКФ кемелері мен ғимаратында өрт жағдайлары тіркелмеді.

Қоршаған ортаны қорғау

Өндіріс пен тұтыну қалдықтарының қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерін мейлінше азайту және қалдықтардың пайда болу, оларды жою және залалсыздандыру процестерін нақтылы жүйелендіру үшін мынадай жұмыстар жүргізілді:

- Қоқыс операцияларының Кемелік жоспары әзірленді, оны қоқысты жинау, сақтауға алу, өңдеу және жою рәсімдері құрады;

- Әрбір кемеді экипажды тиісінше МАРПОЛ 73/78 талаптары туралы хабардар ететін плакаттар ілінді;

- Кемелер қоқыс қалдықтарына арналған контейнерлермен қамтамасыз етілді. Барлық қалдықтар сұрыпталып, жағалаулық қоқысты қабылдау имараттарына тапсырылды.

2020 жылы сәйкестендірілген чек-парақшалар бойынша 4 кемелің ішкі экологиялық инспекциясы жүргізілді, анықталған кемшіліктер бойынша ескертпелер сапалы және дер кезінде жойылды.

Жалпы кемелік жүйелерден және кемелердің энергетикалық қондырғыларының жүйесінен Каспий теңізінің акваториясына төгілетін шартты-таза сулардың сапасын бақылау бекітілген Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды. Жұмыстар мамандандырылған мердігерлік ұйымдардың аккредиттелген зертханаларымен жасасқан шарттар негізінде орындалды. Жұмыстарды жүргізу кезеңінде шекті рауалы қойырлықты асыру жағдайлары тіркелмеді.

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес энергиялық аудит өткізілді.

«Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес міндетті экологиялық сақтандыруға шарт жасасты.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде қалдықтарды басқару, атап айтқанда полигандарда көму үшін пластик полиэтилен, макулатура, картон қағаздарының қалдықтарын, шыны қирандыларын және т.б. қабылдауға тыйым салу бөлігінде болған өзгерістерді ескере отырып, сондай-ақ Қазақстанда «жасыл» экономиканы дамыту тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде пайдалануға жарамсыз макулатура, ұйымдық техника, пайдаланудан шыққан аккумуляторлық батареялар және б.ө. сияқты қалдықтарды кейінгі уақытта оларды қайтара қоланылатын шикізат ретінде кәдеге жаратуға беру үшін ҚТКФ бір бірінен бөліп жинау бойынша іс-шараларды іске асыру басталды.

Есепті кезеңде қоршаған ортаға залал келтірген жағдайлар тіркелмеді.

КАДРЛЫҚ, ЖАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

Кадрлық саясат

Персоналды жоспарлау

ҚТКФ Қадағалау кеңесінің 2019 жылғы 27 маусымдағы шешімімен бекітілген ұйымдық құрылымға сәйкес ҚТКФ жалпы штат саны 143 бірлікті құрады.

Персоналды іріктеу және жұмысқа қабылдау

Персоналды іріктеу ҚТКФ бос қызмет орындарына персоналды іріктеу және оның бейімделу қағидасы» ҚТКФ 026 КСТ сәйкес жүзеге асырылады, осылайша 2020 жылы ҚТКФ:

- әкімшілік-басқару персоналы қатарына - 2 адам жұмысқа қабылданды;
- қызметкердің өз бастамашылығы бойынша 8 қызметкермен еңбек қатынастары бұзылды, соның ішінде әкімшілік-басқару персонал қатарынан – 4, өндірістік персонал қатарынан – 4 адам;
- өндірістік персонал қатарынан зейнет демалысына шығуына байланысты 1 қызметкермен еңбек шарты тоқтатылды.

Жыл ішінде жеке құрам бойынша 551 бұйрық шығарылды.

Қызметкерлердің неғұрлым жоғары үлес салмағы жас шамасы 25-тен 45-ке дейін жасамыс топқа шақ келді, ол персоналдың 72,2 %-ын құрады, бұл оңтайлы арақатынас жағдайында жас қызметкерлер мен тәжірибелі қызметкерлердің бірқалыпты теңгерімін байқатты.

ҚТКФ қызметкерлерінің орташа жасы - 38.

Жоғары білімді қызметкерлер саны – 88, екінші жоғары білім алған – 33, магистратураны тәмамдаған қызметкер саны – 9 адам.

ҚТКФ бойынша теңіз саласында 5 жылдан жоғары жұмыс өтіліне ие қызметкерлер саны - 61 адам.

2020 жылы персоналдың тұрақтамауы 10,3 % құрады.

Еңбек тәртібінің жай-күйін талдау

Жыл ішінде марапатталған қызметкер саны - 35, олардың ішінде:

- «Kazlogistics» Қазақстан көлікшілер одағы – 4 адам (Құрмет грамотасы – 2 адам, Алғыс хат – 2 адам);
- ҚМГ – 8 адам (Құрмет грамотасы – 1 адам, Естелік белгісі – 2 адам, Алғыс хат – 5 адам);

- ҚМГ – 17 адам (Құрмет грамотасы – 14 адам, Алғыс хат – 3 адам);
- Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылым министрлігі – 4 адам («Еңбек ардагері» медалі – 1 адам, «Су көлігі саласының үздігі» төс белгісі – 2 адам, Құрмет грамотасы – 1 адам);
- «Атамекен» Қазақстан Республикасы ҰКП – 1 адам (Құрмет грамотасы – 1 адам);
- Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі – 1 адам (Құрмет грамотасы – 1 адам).

Тәртіптік жазаға тартылған қызметкерлер саны – 3.

ҚТКФ Комиссиясының шешімі бойынша 2020 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша үздік құрылымдық бөлімше ретінде Диспетчерлік қызмет, компанияның үздік қызметкері ретінде Құжаттамалық қамтамасыз ету және ақпараттық технологиялар департаментінің қызметкері А.Есниязова танылды.

Персоналды оқыту және дамыту

ҚТКФ бойынша қолданысқа енгізілген «ҚТКФ қызметкерлерін оқыту және дамыту қағидасы» ҚТКФ.019 КСТ сәйкес 2020 жылы ҚТКФ 57 қызметкері «Қазақстан Республикасының 2020 жылғы Еңбек кодексін қолдану практикасы. Жаңалықтар мен өзгерістер», «ТЖ кезеңінде кіріс көздерін жоғалту бойынша әлеуметтік жәрдемақы төлемдерін жүргізу», «ТЖ кезеңінде еңбек занамасының нормаларына сәйкес жұмыс берушілермен алынуға тиіс шаралар», «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алуларының жаңа үлгісі», «Менеджменттің біріктірілген жүйелерінің ішкі аудиторы», «PESB Certified ICO 31000 Risk Manager/Сертификатталған PESB менеджері», «Кәсіпорында энергия үнемдеу және энергия тиімділігі, энергиялық менеджмент негіздері», PMBOK 6th edition стандарты негізінде «Жобаларды басқарудың негізгі курсы» бағдарламасы сияқты әртүрлі тақырыптарда өткізілген семинарлар мен тренингтерге қатысты. «Жиналыстар мен отырыстарды өткізу» тақырыбында корпоративтік семинар өтті. ҚТКФ Келісім комиссиясының мүшелері жыл сайын оқытылып отырды.

Персоналды бағалау

2020 жылы ҚТКФ әкімшілік және өндірістік персоналын бағалау қағидасына сәйкес қызметкерлер тоқсан сайынғы негізде бағаланып отырды, нәтижесінде тоқсан сайынғы сыйақы уақтылы төленді.

Басқарушы және басшы қызметкерлер үшін уәждемелі негізгі қызмет көрсеткіштері әзірленді.

Кадрларды даярлау

2020 жылы Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетімен Ықнымақтастық және серіктестік туралы меморандум жасасып, оған тараптар қол қойды және «Кемелік энергетикалық қондырғыларды пайдалану», «Кеме жүргізу», «Кемелік электржабдықты және автоматика құралдарын пайдалану» мамандықтары бойынша өндірістік жүзу практикасынан өтуге өзара шарт жасасты.

Сонымен қатар, ҚТКФ «Ақтау» және «Бүркіт» кемелерінде 7 практикант жүзу практикасынан өтті.

Әлеуметтік және жастар саясаты

Пандемия және карантин жағдайында ҚТКФ негізгі мақсаттарының бірі Компания қызметкерлерінің барлық әлеуметтік кепілдіктері мен мүдделіктерін

қамтамасыз ету және сақтау арқылы ҚТКФ жұмысы мен персоналды басқару тиімділігін сақтап қалу болды.

Осылайша, ұызметкер үшін неғұрлым оңтайлы жағдайларды құру, сондай-ақ әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу мақсатында ҚТКФ бойынша материалдық көмек түрлері көрсетілді, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне жыл сайын медициналық сақтандыру жүргізіліп отырды, қызметкерлердің балалары жаңа жылғы сыйлықтармен қамтамасыз етілді.

ҚТКФ ұжымында әлеуметтік-психологиялық климатты жақсарту үшін ҚТКФ Бас директоры мен еңбек ұжымының есепті кездесулері онлайн-қашықтан өткізіліп отырды. ҚТКФ функционалдық блоктары мен бизнес-бағыттарының басшылары өз жетекшілігіндегі бөлімшелердің қызметкерлерімен жұмыс процестерін тығыз талқылау және туындаған проблемаларды дер кезінде жою үшін басқосударды тоқсан сайын жүргізді.

Материалдық тұрғыдан ынталандыру мақсатында барлық қызметкерлерге Еңбекке ақы төлеу қағидасына сәйкес мерекелік сыйақылар тқленді.

ҚТКФ әлеуметтік тұрақтылығы бекітілген ішкі құжаттармен және Жалғыз қатысушының ұсынымдарымен қамтамасыз етілді.

Төтенше жағдай мезгілінде коронавирус жұқпасының таралмауына уақтылы ден қою қамтамасыз етілді.

ҚТКФ өз қызметін жүзеге асыруда өңірдің қоғамдық мәнге ие іс-шараларына белсенді қатысты.

Жастар кеңесінің мүшелері Халықаралық балаларды қорғау күніне өз қаражаты есебінен әртүрлі сыйлықтарды сатып алып, Маңғыстау облысының мамандандырылған Сәби үйіне тарту етті.

Коронавирус жұқпасына байланысты Маңғыстау облысында қалыптасқан ауыр жағдайды ескере отырып, ҚМГ және ҚТКФ басшылығы облыстық медициналық мекемелерді өкпені жасанды желдету аппараттарымен (ӨЖЖ) қамтамасыз ету туралы шешімге келді.

2020 жылғы шілде айында осы аппараттар Ақтау қаласына жеткізіліп, оларды медициналық мекемелерге таратып беру үшін Маңғыстау облысының әкімдігіне табысталды. Сондай-ақ осы аппараттарда жұмыс жасау үшін медициналық персоналды оқыту жағдайы көздестірілді.

ҚТКФ өңірдің денсаулық сақтау ұйымдарына жеке бас қорғанысының құралдарын, соның ішінде комбинезондар мен көзілдіріктерді табыстады.

Маңғыстау облысы әкімдігінің өтініш білдіруі бойынша Дағыстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігі қайырымдылық жүк: медициналық маскалардың, антисептиктердің, медициналық қорғаныс костюмдері мен «Каспер» комбинезондарының жөнелтімін жүргізуге ықпалдасты. ҚТКФ осы жүктерді облыс әкімдігінің өкілдеріне кейінгі уақытта табыс ету үшін оны Махачкаладан Ақтау портына дейін тасып шығаруда ақысыз көмек көрсетті. Жүк тасымалы «ТК Ақтау» танкерімен жүзеге асырылды.

Осы орайда ҚТКФ ұжымы өз еркімен 16 дана пульсксиметрді (қанның оттегімен қанықтылығы мен пульс жиілігін өлшеу үшін арнайы аппарат) сатып алу үшін 566 000 теңге мөлшерінде ақшалай қаражат жинады. Сатып алынған аппараттар алдағы уақытта Ақтау және облыс ауруханалары мен емханаларында қолдану үшін Маңғыстау облыстық Денсаулық сақтау басқармасына берілді.



«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-пы, 77/77
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, 77/77
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/77
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
Fax: +7 727 258 5961

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Қазақтеңізкөлікфлоты» Ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің Басшылығы мен Қатысушысына

Пікір

Біз «Қазақтеңізкөлікфлоты» Ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» ЖШС мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі - «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - «ХҚЕС») сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің *Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне* («БХЭСК Кодексі») сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Басшылықтың шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.



Building a better
working world

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған алдын ала қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық айқындаған бухгалтерлік бағалау және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән тұғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық қорытындымыз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз;



Building a better
working world

- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін ұйымның қаржылық ақпаратына және Топ ішіндегі шаруашылық қызметке қатысты жеткілікті болатын лайықты аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз жалпы басшылық ету, бақылау және Топ аудитінің жүргізілуі үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалардың назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, солармен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Динара Малабаева
Аудитор

Аудитордың 2016 жылғы 25 ақпандағы
№ МФ-0000323 біліктілік күәлігі



Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде
берген сериясы МФЮ-2 № 0000003
болатын Қазақстан Республикасының
аумағында аудиторлық қызметпен
айналысуға арналған мемлекеттік
лицензия

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2021 жылғы 22 ақпан

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Мың теңгемен	Ескерт.	2020 жылғы 31 желтоқсан	2019 жылғы 31 желтоқсан
Активтер			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар	5	46.951.872	57.866.379
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	6	500.248	637.546
Материалдық емес активтер	7	88.428	99.965
Айналымнан тыс активтер үшін берілген аванстар		-	22.537
Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты	8	211.455	2.159.410
Басқа да айналымнан тыс активтер		35.487	34.689
		47.787.490	60.820.526
Айналымдағы активтер			
Қорлар	9	496.157	621.538
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		1.429.131	88.302
Сауда және басқа да дебиторлық берешек	10	8.866.531	11.188.952
Басқа да айналымдағы активтер	11	2.779.348	728.409
Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты	8	1.596.457	-
Ақша қаражаты мен оның баламалары	13	8.949.136	6.305.037
		24.116.760	18.932.238
Сатуға арналған активтер	12	-	6.329.437
Активтердің жиыны		71.904.250	86.082.201
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	14	11.575.721	11.575.721
Шетел валютасын қайта есептеу бойынша резерв		6.840.303	5.877.904
Бөлінбеген пайда		22.931.450	17.233.989
Капитал жиыны		41.347.474	34.687.614
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Жалдау бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді бөлігі	15	-	2.698.228
Алынған қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі	16	18.872.763	20.050.394
Операциялық жалдау үшін алынған ұзақ мерзімді аванстар	17	-	59.549
Шарт бойынша міндеттемелер	18	-	72.101
Резервтер		50.077	49.279
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер		-	88.855
Пайдаға салынатын кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	27	2.909.229	2.129.681
		21.832.069	25.148.087
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Жалдау бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	15	1.003.019	1.919.957
Алынған қарыздардың ағымдағы бөлігі	16	2.567.130	2.335.329
Операциялық жалдау үшін алынған қысқа мерзімді аванстар	17	6.806	4.907.225
Шарт бойынша міндеттемелер	18	27.549	4.800.157
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	19	4.418.012	9.258.293
Қаржылық кепілдік бойынша міндеттеме	28	-	2.003.093
Табыс салығы бойынша міндеттеме		5.893	29.459
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	20	696.298	992.987
		8.724.707	26.246.500
Міндеттемелер жиыны		30.556.776	51.394.587
Капитал мен міндеттемелер жиыны		71.904.250	86.082.201

Бас директор

Бас директордың Экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Бас бухгалтер



А.Е. Оржанов

Р.Г. Сулейменов

А.О. Бекжанова

1-31 бет аралығында ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.


ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2020 жыл	2019 жыл*
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	21	59.065.039	75.894.020
Жалдан түскен кіріс	22	14.896.843	20.352.200
Түсім		73.961.882	96.246.220
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	23	(51.983.574)	(72.782.694)
Жалпы пайда		21.978.308	23.463.526
Жалпы және әкімшілік шығыстар	24	(3.114.499)	(2.800.591)
Өткізу шығыстары		(689.707)	(1.145.471)
Құнсыздану залалы	5.6	(10.491.086)	(12.604.112)
Басқа да операциялық кірістер	25	1.070.652	921.873
Басқа да операциялық шығыстар	25	(436.230)	(232.237)
Операциялық пайда		8.317.438	7.602.988
Қаржылық кірістер	26	127.892	125.251
Қаржылық шығыстар	26	(1.253.932)	(1.876.919)
Бағамдық айырма, нетто		320.630	(142.144)
Салық салынғанға дейінгі пайда		7.512.028	5.709.176
Пайда салығы бойынша шығыстар	27	(1.814.567)	(1.875.980)
Бір жылғы пайда		5.697.461	3.833.196
Басқа да жиынтық кіріс			
<i>Келесі кезеңдерде пайданың немесе зиянның құрамына қайта сыныптауға жататын басқа да жиынтық кіріс сомалары (салықтарды шегере отырып)</i>			
Шетелдік бөлімшелердің есептілігін қайта есептеуден болған бағамдық айырмалар		962.399	(64.465)
Салықтар шегерілген бір жылғы басқа да жиынтық кіріс/ (залал)		962.399	(64.465)
Салықтарды шегере отырып, бір жылғы жиынтық кірістің жиыны		6.659.860	3.768.731

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2019 жылғы қаржылық есептілікпен үйлеспейді, өйткені жасалған қайта жіктеулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 2-ескертпеде келтірілген.

Бас директор



А.Е. Оржанов

Бас директордың Экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Р.Г. Сулейменов

Бас бухгалтер

А.О. Бекжанова

1-31 бет аралығында ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2020 жыл	2019 жыл
Операциялық қызмет			
Сатып алушылардан түскен ақша түсімдері		69.356.878	84.099.666
Өнім жеткізушілерге ақшалай төлемдер		(55.707.900)	(67.202.235)
Жұмыскерлерге ақшалай төлемдер		(1.811.826)	(1.956.462)
Бюджетке ақша төлемдері және басқасы		(3.708.957)	(3.459.079)
Эскроу шоттан / (Эскроу шотқа) ақша қаражатын аудару		512.507	(456.167)
Алынған пайыздар		67.416	86.377
Төленген пайыздар	16	(1.787.594)	(1.380.785)
Төленген пайда салығы		(2.402.310)	(2.148.125)
Операциялық қызметтен болған таза ақша ағындары		4.518.214	7.583.190
Инвестициялық қызмет			
Негізгі құралдарды және басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатудан түсетін түсім		5.648.364	1.246.960
Материалдық емес активтерді сатып алу		(27.132)	(25.823)
Негізгі құралдарды сатып алу		(91.589)	(1.396.819)
Инвестициялық қызметтен түскен / (пайдаланылған) таза ақша ағындары		5.529.643	(175.682)
Қаржылық қызмет			
Қарыздарды өтеу	16	(3.129.479)	(2.518.519)
Кепілдік бойынша міндеттемелерді өтеу	16	(1.383.084)	-
Төленген дивидендтер	16	-	(418.000)
Қаржылық жалдау бойынша өтеу	16	(3.839.891)	(1.802.734)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(8.352.454)	(4.739.253)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза көбеюі		1.695.403	2.668.255
Ақша қаражаты мен оның баламаларына таза бағамдық айырма		948.696	(117.024)
1 қаңтарға ақша қаражаты мен оның баламалары		6.305.037	3.753.806
31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары	13	8.949.136	6.305.037

Бас директор


А.Е. Оржанов

Бас директордың Экономика және қаржы жөніндегі орынбасары


Р.Г. Сүлейменов

Бас бухгалтер


А.О. Бекжанова

1-31 бет аралығында ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП


2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

<i>Мың теңгемен</i>	Жарғылық капитал	Шетел валютасын қайта есептеу бойынша резерв	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2019 жылғы 1 қаңтарға	11.575.721	5.942.369	13.818.793	31.336.883
Бір жылғы пайда	-	-	3.833.196	3.833.196
Бір жылғы басқа да жиынтық залал	-	(64.465)	-	(64.465)
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	(64.465)	3.833.196	3.768.731
Төленген дивидендтер	-	-	(418.000)	(418.000)
2019 жылғы 31 желтоқсанға	11.575.721	5.877.904	17.233.989	34.687.614
Бір жылғы пайда	-	-	5.697.461	5.697.461
Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс	-	962.399	-	962.399
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	962.399	5.697.461	6.659.860
2020 жылғы 31 желтоқсанға	11.575.721	6.840.303	22.931.450	41.347.474


Бас директор


А.Е. Оржанов

Бас директордың Экономика және қаржы жөніндегі орынбасары


Р.Г. Сулейменов

Бас бухгалтер


А.О. Бекжанова

1-31 бет аралығында ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.